Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 3 (1110)

20.01.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

АЛҚА ОТЫРЫСЫ

ЖУРНАЛИСТ МӘРТЕБЕСІ КӨТЕРІЛЕДІ

АСТАНАДАҒЫ «ҚАЗМЕДИА» ОРТАЛЫҒЫНДА АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ӨТКЕН ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАП, АЛДАҒЫ МАҚСАТ-МЕЖЕСІН ТАНЫСТЫРДЫ.



Жиында сөз алған ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі БАҚ туралы заңнаманы жетілдіру, талқыға салу жұмысы қалай жүріп жатқаны туралы баяндады. Айтуынша, БАҚ туралы жаңа Заң жобасында оң өзгеріс көп. Мұнда журналистердің мәртебесін белгілеу, тұрғын үймен қамту, жалақысын көтеру, тілшілердің жұмысына кедергі келтірмеу секілді маңызды тақырыптар қамтылып, қазіргі журналистика мәселелерінің шешімі көрсетілген.

Сондай-ақ баяндамада онлайн платформалар мен интернеттегі жарнама қызметі, жалған ақпараттарға тосқауыл қою, әлеуметтік желідегі сананы улайтын жазбалардың жолын кесу туралы айтылды. Телеарналарда жеңіл, рейтинг қуған жобаларды тоқтатуды, орнына тағылымдық бағдарламаларды көбейтуді ұсынды. Рейтингке жұмыс істейтін телебағдарламаларға қыруар қаржы жұмсалады. Министр қаражатты шашау шығармай жұмыс істеу керектігін, өйткені, бұл халықтың ақшасы екенін қаперге салды.

Жаңа заң жобасының артықшылықтары туралы айтқан министр: *«Заң аясында журналистердің мәртебесін көтеру, мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін реформалау, өзін-өзі реттеу институттарын дамыту, телерадио хабарларын тарату саласындағы трендерді өзгерту жоспарланған. Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері туралы заңға түзетулер әзірленді. Ұсынылған өзгерістер азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектейтін мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтеді. Ақпараттық доктрина талқылаудан өтті, сондай-ақ, ақпарат саласын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын дайындауға кірістік»*, – деді.

Алқа отырысында дін, теолог мамандардың тапшылығы, азаматтық қоғам құру, онлайн петиция ұйымдастыру тетіктері, журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, медиа мен ұлттық қауіпсіздіктің байланысы, жастар саясаты, қоғамдық кеңес жұмысы тақырыбында маңызды мәселелер көтеріліп, қатысушылар тарапынан тың ой-пікір, ұсыныстар айтылды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»



СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛЕР САНЫ АРТУДА

XXI ғасыр індеті – синтетикалық есірткі. Ғасыр індеті деуіміздің себебі, әдеттегі есірткіге тәуелді болған адамдарды дәрігерлер емдей алатын болса, синтетикалық есірткіге үйреніп алғандарға медицинаның қауқары жете бермейді. Бұл тәнді де, жанды да жаралайтын өте жауыз еліктіргіштің арбауына түскендерді нарколог мамандар «миына мина жасырылғандар» деп бейнелейді екен. Яғни, олар, қоғам үшін өте қауіпті адамдар. Ең сорақысы – бұл дерттің тырнағына ең бірінші болып жаны жаңалыққа құмар жастар ілігіп жатыр. Елімізде «кристалл», «жылдамдық», «ваннаға арналған тұз» деген түрлі атау жамылған синтетикалық есірткілерге қол жеткізу ғаламтор желісі дамығалы бері тіпті оңай болып кеткен. Бұл жайында есірткі бизнесімен күрес басқармасының қызметкерлері «Арнайы жоба» бағдарламасында айтты. ПД-нің ресми өкілі Әбілтай Әбеновтың сөзінше бүгінде сатып алушы мен саудагелер, тауарды қай жерден, қай уақытта алып кететіндері туралы ақпаратты түрлі мессенджерлер арқылы байланысып, алмасады екен. Осылайша барлық іс тиянақты, таза біттеді. Яғни оларды құрықтау қиындай түскен. Есірткі саудасында жеткізіп берушілердің қызметі де қарастырылған. Ондай жұмыспен көбінесе жасөспірімдер айналысады. Неге дейсіз ғой? Өйткені, олар әлі толыққанды қалыптасып, қандай бағытта жүретіндерін ойлап үлгермеген буын. Алғашында ақша табу үшін нашаны тасымалдаумен айналысқан еліктегіш келетін жастарды есірткіге отырғызу тіпті де қиын емес. Осылайша саудагерлер есірткіні иесіне жеткізуші мен қатар өздеріне болашақ клиентті де тауып бір оқпен екі қоян атады.

Күні кеше Талдықорған қаласындағы пәтерлердің бірінде орналасқан есірткі сату нүктесі жойылған болатын. Turkystan.kz ақпараттық порталының берген мәліметінде 45 жастағы ер адам 14 грамм марихуананы сату кезінде ұсталған. Ал, оның тұрғылықты жерінен синтетикалық есірткіге жататын 83 грамм «Пирролидин» табылған. Қазіргі таңда өңірлік полиция департаментінің өкілдері есірткі өнімдерінің осы уақытқа дейін нақты кімдерге сатылғанын анықтауда. Бүгінде осындай сүліктей соратын синтетикалық есірткімен ұсталыпты деген ақпаратты жиі еститін болдық. Бұл қылмыстың көбеюінің басты себебін ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма басшысы Бақытжан Әмірханов синтетикалық есірткі өндірісінің қарапайымдылығымен әрі арзандығымен түсіндіреді. Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне зер салсақ, қазіргі таңда елімізде 20 мыңға жуық нашақор есепте тұрса, оның 1,5 мыңнан астамы – әйел, ал 43-і буыны қатпаған жасөспірім екен. Халқының саны 20 миллионға да жетпеген еліміз үшін бұл сандардың өзі ұлт денсаулығы мен ұлттық қауіпсіздікке төнген зор қатер екендігі анық. Сондықтан да есірткімен күрес жолында әр адамның үнсіз қалмауы болашағымыз үшін өте маңызды.

Айдана СМАҒҰЛ

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

КӨКСУЛЫҚ КӨПБАЛАЛЫ АНАНЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ



Көксу ауданының тұрғыны, әріптесіміз Ардагүл Әскербек 2021 жылы өмірге үшем әкеліп, 6 баланың анасы атанды. Жуырда ол өзінің инста парақшасында көпбалалы отбасыға тиесілі мемлекет тарапынан көрсетілер көмекке толыққанды жете алмай отырғандығын жазды.

Бір жыл ішінде әбден қиналып, титығы құрып, ашынған ана тіпті «Балалар жылында» да ауыз толтырып айтарлықтай қуанышқа кенелмегенін айтқан.

«Әкімге көмек сұрап бірінші рет барғанымда «Бірінші мүгедектерге көмектесейін, сосын көремін» деп шығарып салды. Екінші рет газ мәселесін шешуге тырысамыз деп шығарып салды. Қыркүйекте айтылған мәселе әлі шешімін таппады. «Үй кезегім қашан келер екен?» десем, «Бірінші сенен бұрын кезекке тұрған әйелім алып алсын» деп еді. Күміс алқаға тапсырған құжаттарымды да жөнді алмады. Негізі шала туылған балаға 1,6 дейін азық-түлікпен қамтамасыз ету керек қой. Ол да жоқ. Заң жүзінде қарасаңыз да, адамгершілікпен қарасаңыз да 6 кішкентай балаға бір көмек берілу керек қой...»

Осы жазбаға қатысты біз Көксу ауданы әкімдігіне хабарластық. Аудан әкімінің аппарат басшысы Е.Досалбаев былай дейді.

– Азаматша А.Әскербек Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Жарокова көшесі №12 үйдің тұрғыны. 2021 жылдың 25 қазанында үш егіз қызды Талдықорған қаласындағы облыстық перинаталдық орталығында дүниеге әкелді. Перзентханадан шыққаннан бастап 1 жасқа дейін «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ №75 бұйрығына сәйкес 1 жасқа дейінгі балаларға арналған емшек сүтіне бейімделген алмастырғыштармен (Адаптированная молочная смесь) қамтамасыз етіліп отырылды. Дәрігерлер мен медбикелер ай сайын уақытылы үйде және амбулаторияда қадағалап, антропометриялық тексеруден өткізген. 2021 жылдың 10 қарашасында нәрестелер Алматы қаласының НЦП и ДХ клиникасына офтальмолог, кардиолог дәрігерлеріне тегін қаралтып, жүрек УДЗ тегін түсірілді.

2021 жылдың 6 желтоқсаннан 14 желтоқсанға дейін «Острый бронхиолит неуточненный» диагнозымен ауруханада емделіп шыққан. ИНВИВО клиникасына да тегін анализдер тапсырып, тексерулерден өтті. Профилактикалық екпелерін дер кезінде алуда. Қазіргі таңда балалар 1 жастағы екпелерін алып, 1 жас 3 айдағы скринингтік тексерулерге шақыртылуда. Бірақ анасы жұмысқа шығып кетіп, балаларды енесі үйде қарап отыр. Аптасына бір рет учаскелік медбике Шалдамбаева Жазира қадағалап тұрады. Балалардың жағдайы жақсы.

Әскербек Ардагүл «Көпбалалы отбасы» санаты бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын жай алу үшін мұқтаж азаматша ретінде 2021 жылдың 29 қарашасында тұрғын үй кезегіне қойылып, 2022 жылдың 18 қаңтарына реттік кезегі №212.

Азаматша Әскербек Ардагүл 2022 жылдың мамыр айында аудан әкімінің жеке қабылдауында үшем босануына байланысты кезектен тыс тұрғын үймен қамтамасыз етілуін сұрап келді.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 118-бабының 1-12-тармақшасына сәйкес егіз бала тапқан отбасыларға, егер азаматшаның бұл санаттағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен кіріс алатын болса беріледі.

Алайда азаматша Әскербек Ардагүлдің жолдасының жеке кәсіпкерлігі болуына байланысты ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен кіріс алмайтындығы анықталған болатын.

Бұл аудан әкімінің жеке қабылдауында толық түсіндірілді.

А.Әскербектің баласы Бекет Жансаяға 2022-2023 оқу жылының басында аудан әкімі Көлбаев Марлен Қапашұлының демеушілігімен оқуға қажет барлық зат, яғни, мектеп формасы, спорт киімі, аяқ-киім, сөмке, кеңсе тауарлары алып берілген. Сондай-ақ ағымдағы оқу жылының 01 қыркүйегінен «Мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тізімін бекіту, тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» мектепішілік №223 бұйрығының 1-қосымшаға сәйкес бір уақыт тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Әскербек Ардагүлге перзентханадан шыққан кезден аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тарапынан: азық-түлік себеті, жөргектер 70,0 мың теңгеге, 2023 жылы 18 қаңтарда азық-түлік 50,0 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді.

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Ел Президенті Қ. Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялап, бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, оларды қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтты. Мемлекет басшысының тапсырмасын басшылыққа алған мұғалімдер оқушының жан-жақты қырын ашуға бағытталған іс-шараларды іске асырды.

ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ



Қарасай ауданы, Шамалған ауылы, Әлжан Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектеп ұжымының жүргізіп жатқан жұмыстары нәтижесіз емес. 2022 жылы мектеп ұстаздары мен оқушылары ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ, 11-ші сыныптың озат оқушысы, «мектеп президенті» Мырзабек Елубай аудандық «Жыл оқушысы – 2022» байқауында II орын, Сүлейман Демирель атындағы университет ұйымдастырған «Айтулы жылдар – Өткенге тағзым» тақырыбындағы зерттеу жұмыстары байқауында II орын иеленді. Сонымен қатар «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығының ғылыми жобалар байқауының аудандық және облыстық кезеңдерінде стартап жобасын жоғары деңгейде қорғап, қажетті тестілеу сынағынан оң нәтиже көрсетіп, республикалық деңгейдегі ақтық сынаққа жолдама алды. Бокстан Алматы облысының чемпионы Мырзабек Елубай 2023 жыл қарсаңында Қонаев қаласында «Балалар жылының» қорытындысы ретінде ұйымдастырылған облыс әкімі Сұлтанғазиев Марат Елеусізұлының облыстың дарынды балаларымен кездесуіне қатысып, 100 000 теңге көлемінде сыйақы алды.

Тараз қаласында өткен республикалық «iQanat IT Hackathon - 2022» байқауының алтын диплом иегері, «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығының ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінің бірнеше дүркін жүлдегері 10 сынып оқушысы Ильясов Назарбек «IQanat» білім беру қорының жобасы аясында «IQanat -21» үшін Ақмола облысы Бурабай кентіндегі IQanat High School of Burabay мектеп пансионатында 1-8 қаңтар аралығында каникулдық мектеп бағдарламасы аясында білімін жетілдіріп, демалып қайтты.

Алматы облысы мен Алматы қаласында 6 сынып оқушылары арасында Назарбаев Зияткерлік мектептері желісі қараша, желтоқсан айларында ұйымдастырған виртуалды мектепте үздік оқыған 15 шәкірт қатарында Алматы қаласы химия-биология бағытындағы НЗМ негізінде 3-6 қаңтар аралығында өткен каникулдық мектепті табысты аяқтағаны үшін Балғын Баққонды арнайы сертификатқа ие болды.

Осындай жекелеген білім алушылардың ел Президентінің қамқорлығы нәтижесінде көтермелеу мәртебесіне ие болуы – мектептің басқа оқушыларына білім алу мен қоғамдық жұмысқа деген көзқарасының артуына әсер етті. Біздің ендігі мақсатымыз – оқушылардың ішкі уәждерінен туындаған қажеттіліктерді өтеуге мектеп ұстаздарын жұмылдыру.

Г. КАТУБАЕВА,
Ә.Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебінің директоры.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

БАСТАМА АЯСЫНДА

ҚОҚЫС – ҚАЛАУЫН ТАПСА, КІРІС ӘКЕЛЕДІ

ҚОҚЫСТЫ СҰРЫПТАП, ҚАЙТА ӨҢДЕУ ШАРАСЫ БОЙЫНША ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ ЭКО-ЕРІКТІ ҒАЗИЗ АМАНЖОЛҰЛЫ ЕКІ ЖЫЛДАН БЕРІ ӨЗ ҮЙІНДЕ ИГІ БАСТАМАНЫ ІСКЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ.



Тұрғылықты мекен-жайындағы үйінде целлофан, қағаз, металл, тұрмыстық қалдықтар және пластик бұйымдарын бөшкеге бөлек сұрыптап жинау – барша тұтынушыларға аталған істен үлгі алуға шақырады.

Эковолонтердың айтуынша сұрыптаған қоқыс-шикізатты қабылдап алушы компанияларға өткізіп, түскен қаржыны қайырымдылық қорларына аударуда.

«Бұл бастама бір оқпен екі қоянды атқандай. Үйден шыққан макулатура, пластик, целлофандарын сұрыптап, бөшке толған кезде арнайы мекемелер келіп, килограммдап өлшеп, менен сатып алады. Ал түскен қаржыны мен қайырымдылық қорларына тікелей жіберемін. Бір келгенде орташа есеппен 2000 теңгедей болады. Әкем тасымалдаушы кәсіппен айналысқандықтан, көлік ішінен күнделік-ті жолаушылардан қалған кемінде 5-6 пластик бутылкасы жиналып, бөшкелер тез толады. Сонымен қатар денсаулыққа қауіпті саналатын шамдар мен батареяларды да бөлек сұрыптап, арнайы контейнерлерге тастаймын. Осы іспен экологияға да өз үлесімді қосамын, қайырымдылықты да назарымнан тастамаймын» – деген ерікті барша азаматты пайдалы іске шақырып отыр.

Жалпы ел аумағында ғана емес, табиғаттың қоқыспен ластануы барлық мемлекеттің жерлеріне үлкен зардап тигізуде. Жанған қоқыстар улы химикаттар бөліп, адам денсаулығының асқынуына бірден бір себеп болып отыр.

Өкінішке орай, адамдар қоқысты сұрыптау мәдениетінен әлі де алшақтау болып тұр, керісінше қоқысты целлофанға салып тастай салу немесе жолда кетіп бара жатып, кез келген жерге лақтыра салу сынды жағдайлар азаймай тұр. Сондықтан табиғат таза болса, адамзаттың денсаулығы да сау болатынын естен шығармай, қоршаған ортаны ластаудан сақ болайық.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БІЛІМ

ҰСТАЗҒА ЖҮКТЕЛЕР МІНДЕТ ЗОР

Тарих пәні – ұлттық сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады.

Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалар мен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс-тәсілдері негізінде іске асады.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу керек.

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген ұлы ойшылдың сөзін әр уақытта естен шығармауымыз қажет.

Жанбота ЕРТУҒАНОВА,
«Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ тарих пәнінің мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ГРАНТОВОЕ ФИНАНСИРОВАНИЕ НА ПОДГОТОВКУ СПЕЦИАЛИСТОВ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, РПП АЛМАТЫ ПОМОГЛА 5 ЧАСТНЫМ КОЛЛЕДЖАМ ПОЛУЧИТЬ ГРАНТОВОЕ ФИНАНСИРОВАНИЕ НА ПОДГОТОВКУ СПЕЦИАЛИСТОВ. ГОРОДСКАЯ КОМИССИЯ ПРИНЯЛА РЕШЕНИЕ О РАЗМЕЩЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЗАКАЗА В 5 ЧАСТНЫХ МЕДИЦИНСКИХ КОЛЛЕДЖАХ.

Так, Казахстанско-Российский медицинский колледж, медицинский колледж «Интердент», колледж «Аяжан» и республиканский высший медицинский колледж ТОО «Высший Медико-Стоматологический колледж профессора Рузуддинова» теперь смогут обучать студентов на грантовой основе.

В 2022 году в Палату предпринимателей г.Алматы обратился Казахстанско-Российский медицинский колледж с просьбой оказания содействия в размещении государственного образовательного заказа на подготовку специалистов с техническим и профессиональным, послесредним образованием в негосударственных медицинских колледжах г. Алматы.

«Частные колледжи были обеспокоены, что размещение государственного образовательного заказа на подготовку кадров с техническим и профессиональным, послесредним образованием по медицинским специальностям находится в введении Управления общественного здоровья города Алматы. И госзаказ размещался только в подведомственном ему учебном заведении КГП на ПХВ «Высший медицинский колледж» г. Алматы. Тогда как в городе функционируют более 10 медицинских колледжей», – отметила начальник отдела развития человеческого капитала РПП г. Алматы Толкын Абильдаева.

Вышеуказанное нарушает ст. 8 Предпринимательского кодекса РК, согласно которой деятельность, направленная на ограничение или устранение конкуренции, недобросовестная конкуренция запрещается. Было направлено обращение в Управление образования города Алматы. Вопрос поднимался на Совете защиты прав предпринимателей города Алматы. Эксперты, изучив обращение, посчитали, что вышеуказанное не соответствует требованиям Приказа Министра образования и науки РК от 29 января 2016 года № 122.

В правилах размещения государственного образовательного заказа в пункте 4, Главы 1 сказано: государственный образовательный заказ на подготовку кадров с техническим и профессиональным, послесредним образованием размещается в организациях образования, реализующих образовательные программы технического и профессионального образования независимо от формы собственности и ведомственной подчиненности с учетом предложений региональных палат предпринимателей и заинтересованных организаций.

В связи с чем, на заседании городской комиссии было принято решение о размещении государственного образовательного заказа в частных медицинских колледжах.

«*У нас эта проблема существует порядка 7-8 лет. Когда местные образовательные гранты распределялись по линии департамента здравоохранения, мы неоднократно обращались с письмами с заявлением о том, что мы не прочь принять участие в распределении грантовых мест и предоставить возможность нашим студентам обучаться на нашей базе бесплатно. Но, к сожалению, наше обращения оставались не услышанными. После того как в Палате предпринимателей объединившись несколько колледжей подняли этот вопрос. После начались продвижение по вопросу. Согласно законодательству выпускники 9 классов выбирают колледж среди 5 медицинских колледжей в Алматы. На 2021 год только один колледж обучал на грантовой основе. В 2022 году при неоднократном обращении и взаимодействии Палаты предпринимателей, этот вопрос решился. В этом году нам выделил гранты на 100 мест, из которых мы готовим мед сестер и специалистов по лечебному делу*», – рассказала директор частного медицинского колледжа «Интердент» Гульмира Токбергенова.

По словам директора колледжа, грантовое обучение для каждого частного колледжа прежде всего успех и престиж учебного заведения, возможность улучшения образовательного процесса, научно-интеллектуального потенциала, пополнение материально-технической базы.

«*Как известно частные колледжи наравне с государственными готовят медицинский персонал для обслуживания граждан РК. Наш колледж на рынке более 26 лет, имеет всю необходимую материально-техническую базу для обучения студентов. Грантовое обучение дает возможность получить образование для талантливых детей с регионов, для детей с малообеспеченных семей. Также в колледже предусмотрены внутренние стипендии и гранты. Мы рады что наши возможности расширились*», – добавила Гульмира Токбергенова.

Ш. ХАМИТОВ.

ВНИМАНИЮ ВОДИТЕЛЯМ

КАЗАХСТАНЦАМ ЗАПРЕТЯТ СТРАХОВАТЬ ИНОСТРАННЫЕ АВТОМОБИЛИ

СТРАХОВАТЬ ИНОСТРАННЫЕ МАШИНЫ КАЗАХСТАНЦАМ ЗАПРЕТЯТ С 12 ЯНВАРЯ. ОФОРМЛЯТЬ ПОЛИСЫ НА ПОДОБНЫЕ АВТО СМОГУТ ТОЛЬКО ГРАЖДАНЕ ДРУГИХ ГОСУДАРСТВ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ» СО ССЫЛКОЙ НА KOLESA.KZ.



Соответственно, и ездить по страховке на автомобилях из других стран казахстанцы в дальнейшем больше не смогут.

Страховые полисы, оформленные до 12 января 2023 года, будут действительны до окончания срока.

Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства» был одобрен президентом и вступит в силу 12 января 2023 года. В числе прочего в нем прописаны поправки в законы об обязательном страховании ГПО автовладельцев и «О дорожном движении».

С 12 января статья 10 закона о страховании будет дополнена новым пунктом 5−2, который гласит:

«*Не допускается заключение договора обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств, не находящихся в международном движении на территории Республики Казахстан, за исключением транспортных средств, зарегистрированных (подлежащих государственной регистрации) в подразделениях уполномоченного органа по обеспечению безопасности дорожного движения». То есть в КАП МВД РК"*, — говорится в публикации.

Кроме того, 12 января вступают в силу поправки в закон «О дорожном движении», согласно которым находящимся в международном движении будет считаться автомобиль, цитируем, "если он эксплуатируется иностранцем или лицом без гражданства, не имеющими вида на жительство в Республике Казахстан, и: • принадлежит физическому или юридическому лицу, имеющему постоянное место жительства или место нахождения вне Республики Казахстан;• не зарегистрировано в Республике Казахстан;• временно ввезено в Республику Казахстан".

Находиться в стране такой автомобиль сможет до года с перерывом перед следующим ввозом не менее чем на 30 дней.

«*Таким образом, с 12 января 2023 года, чтобы получить страховой полис, машина должна либо стоять на казахстанском учете, либо принадлежать и управляться нерезидентом-иностранцем без вида на жительство. Гражданам Казахстана страховать авто с зарубежным учетом законом будет запрещено. Невозможно будет такие машины и продавать друг другу по страховке»*, — отмечает издание.

Авто на транзитных госномерах при этом продолжат все так же страховать на 10 дней.

Отмечается, что эти же поправки в закон «О дорожном движении» разрешают легализовывать праворульные иностранные автомобили. Но сама легализация запустится позднее после исправления ошибок и дополнения в необходимой документации.

В МВД КАЗАХСТАНА

СТАРШИЙ ИНСПЕКТОР ПО ОСОБЫМ ПОРУЧЕНИЯМ КАП МВД КАЗАХСТАНА АЛТЫНБЕК ЖАМАЛИЕВ ОТВЕТИЛ НА ПОСТУПИВШИЕ НА БРИФИНГ МВД ВОПРОСЫ О ЛЕГАЛИЗАЦИИ АВТОМОБИЛЕЙ, ВВЕЗЕННЫХ ИЗ КЫРГЫЗСТАНА, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ТЕЛЕГРАМ-КАНАЛ POLISIA.KZ.

О ЛЕГАЛИЗАЦИИ АВТОМОБИЛЕЙ ИЗ КЫРГЫЗСТАНА

«Автомобили из Кыргызстана, ввезенные в Казахстан до 1 сентября 2022 года, подлежат легализации, проводимой по поручению Главы государства. В каждом случае заявления на легализацию будут рассматриваться индивидуально. Автомобиль будет проверен по базам розыска, единой таможенной базе ЕАЭС на предмет прохождения таможенной очистки. Необходимо отметить, что в Кыргызстане многие автомобили для использования на территории указанных государств проходили таможенную очистку по ставкам ниже, чем предусмотрены в ЕАЭС. В этой связи в случае необходимости после проверки вам будут даны последующие рекомендации по дополнительной таможенной очистке», — сообщил старший инспектор.



СЕТЬ РЕСТОРАНОВ


ПОДАЛА ЗАЯВКУ НА РЕГИСТРАЦИЮ ТОВАРНОГО ЗНАКА

Во «Вкусно — и точка» объяснили регистрацию товарного знака в Казахстане

Сеть ресторанов быстрого питания «Вкусно — и точка» подала заявку на регистрацию товарного знака в Казахстане с целью защиты бренда, сообщает Zakon.kz.

Об этом пишет РИА Новости со ссылкой на соответствующее заявление российской компании.

«Заявка на товарный знак подана в соответствии с деятельностью компании по защите бренда», - рассказали в компании.




5 января 2023 года McDonald’s прекратил работу в Казахстане. Спустя менее двух недель стало известно, что сеть питания «Вкусно и точка» подала заявку на регистрацию товарного знака в Казахстане. Документ сейчас находится на рассмотрении у экспертной комиссии, а окончательное решение еще не принято.

Предыстория закрытия McDonald’s началась еще с 18 ноября 2022 года. Тогда стало известно, что McDonald’s в Казахстане (ТОО «Food Solutions KZ») временно приостанавливает работу всех своих ресторанов из-за ограничений в местных поставках.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



САПАСЫЗ БАСПАНАҒА АШЫНҒАН ХАЛЫҚ

БАЯҒЫДА ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН АЯДАЙ КҮРКЕСІНЕН АЯҒЫН ШЫҒАРЫП «ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ» ДЕГЕН ЕКЕН. СОЛ ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН АЙТПАҚШЫ, БАСПАНА ЗАРЫ БҮГІНГІ ҚОҒАМДА БАСТЫ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТҰР. ОН СОТТЫҚ ЖЕР ТЕЛІМІН АЛУ ҮШІН ҰЗАҚ ЖЫЛ КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАНДАР САНЫ ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА АРТПАСА, КЕМИТІН ТҮРІ ЖОҚ.

Ал баспана кезегінде ұзақ жыл тұрып, зарығып жүріп әрең қолы жеткенде алған үйлерінің сапасыз салынғанына кейіп жүргендер қаншама. Оның өзінде ипотекаға алғандар «Тұрған баспанамыздың кем-кетігін жамаймыз ба, жоқ ипотека төлейміз бе?» деп дабыл қағып әкім-қаралар мен құзырлы органдардың есігін тоздырып жүр.

«Іс бітті, қу кетті» дегендей сапасыз баспана салған құрылыс компаниялары пайдалануға берілген үйлерді мерзімді уақытқа ақаулары шығатын болса, толықтай келісім шарт бойынша жөндеп беруге міндетті. Алайда қулықтарына құрық бойламаған әлгі компаниялар баспана иелерінің зар-мұңына құлақ түретін түрі жоқ. Ашынған халық ақпарат құралдары мен құзырлы органдардан бұл істі аяқсыз тастамай жауапты тұлғаларды жауапқа тартуды талап етуде.

Осы мақсатта Жетісу облысының прокуроры Мадияр Басшыбаев, Талдықорған қаласының әкімі Әсет Масабаев пен қаланың кіре берісіндегі «Береке» коттеджді қалашығының тұрғындарымен кездесіп, ақауы бар үйлерді аралады. Заңды қадағалаушы орган басшысы қалашықтағы сапасыз салынған үйлерді көзімен көріп, тапсырыс берушілерді, мердігерлер мен делдалдарды жазалауға уәде берді.

Бұған дейін қалашықтағы тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түрмей келген тапсырыс берушілер мен мердігерлер, делдалдарға енді тықыр таянды. «Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар» дегендей сапасыз баспана салғандар енді заң аясында жауапқа тартылып, сапасыз салған баспаналарды қайта жабдықтайтын болады. Тексеру барысында салынғанына әлі екі жыл болмаған апатты үйлердің бары анықталған. Сапасына мән бермей ат үсті салынған баспаналардың кілттері тұрғындарға 2019 жылдың соңында беріліпті. Көзбояушылыққа барған Алматы облысының экс-әкімі баспана кілтін тапсыру салтанатына ғарышкер Айдын Айымбетовті шақырып, жаңа баспанаға кірушілерге ғарышкердің қолымен кілттерін тапсырыпты. Алған баспаналарының қызығынан, шыжығы көп балған пәтер иелері мердігер компания мен экс-әкім Амандық Баталовты, үйдің кілтін тапсырған ғарышкер Айдын Айымбетовті де көзбояушылар деп қарғап-сілеп отыр. Басқа-басқа ғарышкер сол кездегі облыс әкімі мен мердігер компаниядан және үйді қабылдап алған комиссияның көзжұмбайлыққа барғанын қайдан білсін. Шаршы метрді шарықтау шегіне 2020 жылы жеткізген әкімдік сол кезде дабыл қаққан пәтер иелерінің реніштеріне құлақ аса қоймаған. Шамасы ұлардай шулап қояды, мерзімі өтіп кеткен соң жауапкершіліктен мердігер компания да, құрылысты қабылдап алған комиссия да құтылады десе керек. «Әділетті Қазақстан» құрып жатқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бармақ басты, көз қыстылармен және сыбайлас жемқорлықпен білек түріп күресіп жатқанын ұмытып кетсе керек. Енді міне, араға екі жыл салып, құрылысты жүргізген мердігер компаниялар мен тапсырыс берушілердің және қабылдап алған жауапты комиссияның үстінен өткен жылдың соңы желтоқсан айының соңында қылмыстық іс қозғалғанын айтуда.

Жетісу облысының бас прокуроры Мадияр Басшыбаев «Береке» коттедж қалашығындағы пәтер иелерімен кездесуінде «Біз тапсырыс берушілерді, мердігерлерді және делдалдарды жазалауға уәде береміз» деп сендірген. Бұл қалашықтағы сапасыз салынған пәтер дауына кімдер араласпады дейсіз. Азаматтық белсенділер облыс прокурорымен кездесуінде *«Бұрын осы сапасыз салынған жаңа ғимараттарға кіруге тырысқанымызбен, олар бізді қуып жібере жаздады. Азаматтардың өз бетінше комиссия құрып, салынып жатқан мектептерді, ауруханаларды, тұрғын үйлерді сараптамадан өткізуі заңда қарастырылмаған. Сондықтан бұл мәселеде прокуратура бастамашы болуы керек,* – деген өтінішін Ерболат Айдарбеков айтса, қала тұрғыны



Мәдина Қазанғапова құрылысшылар мен тапсырыс берушілерді ғана емес. коттедждік қалашық құрылысын салудағы сыбайлас жемқорлық пен шаруашылықты жүргізуді заңдастырған қабылдау комиссияларының мүшелерін, сондай-ақ, құрметті қонақтарды да жауапкершілікке тартуды ұсынған. Жөнақ, көзжұмбайлыққа барған қабылдау комиссияларын жазалау орынды, ал, кілтті тапсыруға шақырылған құрметті қонақтарды қалай жауапқа тартасың. Олар құрылыс жұмыстарының басқасында болған жоқ. Кілтті тапсыруға арнайы шақырылды, пәтер иелеріне құтты болсын айтып барды. Бар гәп, осы шараны ұйымдастырған экс-әкім Амандық Баталовтың әккілігінде және құрылыс жұмыстарының сапасыздығына жіті мән бермеген қабылдау комиссияларының тоң мойындығында болып тұр.

Тіпті, пәтерлерден ақау шығып, төбесінен су сорғалап, қабырғалары жарылған сәттен бастап әкімдік мердігер компанияның алқымынан алып тұрып, сапасыз жасалған құрылыстарды белгілі мерзім ішінде аяқтатып, болмаса заң аясында сотқа тартулары керек еді. Алайда бұл тиісті шаралардың бірі де жасалмаған. Бұл Алматы облысы кезінде салынған құрылыстар. Міне облыс екіге бөлінгенде Жетісу облысының алдынан экс-әкімнің шикілігі көлденеңдеп шыға келді. Бұл тек құрылыс саласына қатысты жауапсыздық емес, Амандық Баталовтың кезінде заңсыз берілген пәтерлердің былық-шылығының саны мыңнан асып кеткен. Ол жайлы кезінде алаяқтық бабымен жауапқа тартылып, мерзімді жазасын өтеп келген журналист Дина Искакова пәтер дауына қатысты сотта қаралған істің бір жақты болғанын, бар кінәні өзіне жауып, тасада қалған құқық қорғау органдарында қызмет атқарған полицейлердің әйелдерінің де бұл іске қатысы болғанын және сол кездегі облыс әкімі Амандық Баталовтың туысы, қала әкімі болған Ермек Алпысовтың да, сондай-ақ, оның құрылыс саласына жауапты орынбасары А. Ә. және мәслихат хатшысы қызметін атқарған, кейіннен қызметі жоғарылап депутат атанған Марат Бопазовтың шопыры болған азаматтың да бұл ұйымдасқан қылмысқа қатысы барын сотта айтып, оларды да жауапқа тартуды өтінген болатын. Мерзімді жазасын өтеп келгеннен кейін ақиқатқа жетпей қоймаймын деген журналист Дина Искакова Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа хат жазып, жоғарғы орган прокуратураға дейін арызданды. Кезінде заңсыз үлестірілген пәтерлерге қатысты жинаған құжаттарды айғақтай отырып, пәтерлер қала әкімдігінің баланысана кері қайтарылып, кезекте тұрғандарға беріліп жатқанын айтқанды. Дау-дамайы көп пәтер саласындағы бұра тартушылықтар «Береке» коттедж қалашығында сапасыз салынған үйлердің көрінісін бұқаралық ақпарат құралдары жазып, көгілдір экранда көрсеткен болатын. Бұл пәтерлер мемлекеттік бағдарлама бойынша салынған. Үйді алушылар үйге кіре салып, құрылыстың шикі жасалғанын анықтап, үйді салған құрылыс компанияларына арыз-шағымдарын айтқан-ды. Бірақ пәтер иелерінің талап-тілегін жүре тыңдаған құрылыс компаниялары тиісті мерзім ішінде жіберген қателіктерінен

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

шала-шарпы жасалған құрылыстарын тиянақтап қайта жасап беруге тиісті болса да оған мән бермеген.

Мысалы, шатырдан су ақса, құбыр тесілсе, еден түсіп кетсе, қабырға жарылса мердігердің кінәсі саналады және ол барлығын жөндеп беруге міндетті әрі жауапты. Талдықорған қаласында баспанамен қамту бағдарламалары қарқынды жүзеге асырылғанмен кейбір құрылыс компанияларының салған баспана құрылыстары сын көтермейтінін әкімдік біле тұра, олардың атқарған жұмыстарының ала-құлалығына мән бермей, екінші мәрте күрделі жөндеу жұмыстарын атқаруға талап қоймағаны, мұнда да тамыр-таныстықтың тамыры бар дейді сапасыз салынған пәтерлерде тұрып жатқан тұрғындар. Мәселен, «Береке» коттедж қалашығының тұрғындары баспаналарының шатырынан су сорғалап тұрғанын айтып дабыл қағуда. Мемлекеттік бағдарламамен салынған бұл пәтерлерге әлі күнге дейін газ құбыры тартылмаған. Пәтер тұрғындары газ балондарын пайдалануда. Бірбіріне қабаттаса салынған пәтерлердің біреуінен газ балоны жарылса, іркестіркес салынған пәтерлердің бүлінетіні айдан анық. Сондықтан орталықтандырылған көгілдір отынға қосу уақыт күттірмес басты мәселе болып тұр. Басты кінәрат баспананы салған құрылыс компаниялары үйлердің төбесіндегі шатырлардың дұрыс қиюластырылмауынан су сорғалайды. Үйдің төбесі құрама шатырмен жабылғанын айғақтап, көше мен ау-ла жақтағы жабынды бір-бірімен қабыспайды. Ілдалдалап тұрып жатқан тұрғындардың бірі Болат атты азамат үйдің төбесіне жапқыш төсеген. Бірақ шатырдан аққан су басқа жерді тесіп, бөлмеге сорғалап ағып тұр дейді. Осындай жағдай коттедждегі басқа үйлердің де бас ауруына айналған. Төбелерінен су сорғалаған қалашық тұрғындары бала-шағаның аузынан жырып, қыруар қаржы төлеп жатқан шаңырақтарының төбесі мен қабырғаларынан қыстың көзі қырауда су сорғалап тұрғанына налиды. «Әлеуәйлім бітсе, хәлеуәйлім тағы бар» дегендей «Береке» қалашығындағы тағы бір мәселе – үйден шығатын лас су шұңқыры тез толып кетеді екен. Тұрғындар арнайы көлік шақырып жиналған лас суды тазалатып тастасақ, көршінің суы ағып келеді дейді. Жиі-жиі тазалатып, қалталарындағы қаржыдан қағылған тұрғындар коммуникациялық жүйенің де дұрыс жасалмағанын айтуда. Құбырға толған лас судың иісі аулаға жайылып, жағымсыз иіс танауды жарады. Ол аз болғандай, құдық бетін жабатын қақпақтар жиі қолды болатын көрінеді. Анығын айт-қанда, коттедж қалашығындағы 3,7 миллиард теңгеге салынған 204 үйдің сапасы сын көтермейді. Тұрғындар кем-кетікті жөндеп беруге тиіс компаниялардың «кепілдік мерзімі» аяқталуға жақын қалғанын айтуда. «Береке» шағын ауданының тұрғындары шатырлар тез арада жөнделмесе, ары қарай жағдайымыз не болады. Біз баспананы ипотекаға алғандықтан айына мөлшермен 100 мың теңге көлемінде несие төлейміз. Коммуналдық төлемдерді қоссаңыз тағы біраз қаржы шығады. Ал шатырды ауыстыру үшін қыруар қаржы керек. Оны біздің қалтамыз көтермейді. Онсызда зарығып жүріп әрең жеткен баспанамыз. Орта топтағы әлеуметтік жағдайдамыз. Сонда бұл мәселе шешімін қалай таппақ? деп Жетісу облысының Бас прокуроры Мадияр Басшыбаевқа жүгінуге мәжбүр болғандарын айтты.

«Асығыста туған баланың атын Абыр-Сабыр қояды» дегендей, құрылысты жеделдетіп шала-шарпы аяқтап, тұрғындарға пайдалануға бере салған әкімдік баспананың заңды құжаттарын да заңдастырып бермепті. Бұл «Береке» коттедж қалашығындағы пәтерлерге ғана қатысты емес, қала орталығындағы пайдалануға берілген басқа да пәтерлерге қатысты дау. Мәселен, журналистерге берген пәтерлердің де құжаты әлі берілмеген. Осы келеңсіз оқиғаға қатысты қала әкімінің баспасөз қызметінің жетекшісі Мәди Шәкеновтен қала әкімдігі қандай шара қолданып жатқанын сұрағанымызда, ол бізге төмендегідей анықтама берді.



Талдықорған қаласындағы «Береке» саяжай қалашығы бойынша анықтама

Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес коттедж қалашығының аумағында құны 8,7 млрд. теңге болатын жалпы ауданы 56,5 мың м2 620 коттедж салу жоспарланған, оның ішінде:

– Бюджет қаражаты есебінен коттедждер салуға арналған 577 учаске;

– Жеке инвестициялар үшін 43 учаске. Бұл учаскелер «ПМК-7К» ЖШС және «Ер-ай» ЖШС жеке компанияларына берілген. Алайда жұмыстар басталған жоқ.

2018-2020 жылдар аралығында жоспарланған бюджеттік 577 коттеджден жалпы ауданы 34,6 мың м2, құны 5 млрд. теңге болатын 373 коттедж салынды (мердігерлер – «Мирас» ЖШС, «Еламан» ЖШС, «құрылысшы ТБС» ЖШС, «Болашақ-МА» ЖШС, «ТемірҚазық»ЖШС).

Бұл үйлер ақаулармен (ішкі әрлеу, шатыр, ішкі инженерлік желілер және т.б.) жасалған.



Қалған 204 коттедж бойынша 2020 жылы (ауданы 18,6 мың м2) 3,7 млрд. теңге сомасына жұмыстар басталды (мердігер – «ПМК-7К» ЖШС), оның ішінде:

– Ақаулары бар 72 аяқталды (үйлердің дайындығы – 90%);

– 117-сі аяқталмаған (дайындық – 40%);

– 15-і басталған жоқ.

Осы үйлер бойынша орындалған жұмыстардың актілеріне сәйкес 3,1 млрд. теңге көлемінде төлем жүргізілді, бұл нақты орындалған жұмыстарға сәйкес келмейді.

2022 жылдың 25 тамызында Талдықорған қаласының прокуратурасы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау департаментімен бірлесіп 577 коттедж бойынша орындалған жұмыстар сапасының сәйкестігін тексеруді бастады.

2022 жылғы 7 қазанда Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мен про-куратураның талабы бойынша «Береке» коттедж қалашығының құрылыс объектілерін бюджет қаражатын ұрлау фактілерін анықтау үшін тексеру басталды.

Қазіргі уақытта «ПМК-7К» ЖШС-не қатысты 15.12.2022 жылғы №223-310011000014 қылмыстық іс қозғалғанын білдік.

Мәди Қайратқалиұлы Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз хатшысы: «*Жақында Жетісу облысының прокуроры Мадияр Басшыбаев «Береке» коттедж қалашығының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында тұрғындардың өтініш-тілегіне құлақ асты. Халықты алаңдатып жүрген мәселелерді тыңдады. Қалашықтағы көптен құрылысы аяқталмай тұрған тұрғын үйлерді көріп, себебін анықтайтынын айтты. Тұрғындардың ипотекаға алған үйінің сапасыздығы жайлы жан айқайының себебіне қанықты. Көптеген үйдің шатыры, қабырғасының сапасыздығының сын көтермейтінін көрді. Мемлекеттік бағдарлама бойынша құрылысты жүргізген компания мен тапсырыс беруші міндетті дұрыс орындамаған. Бұл орайда 2022 жылдың желтоқсан айынан қадағалаушы орган қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізуді бастаған. Облыс прокуроры тұрғындармен кездесуде істің қозғалғандығы жөнінде толық ақпарат берді. Коттедж қалашығының тұрғындарымен кездесуде құзырлы орган басшысы атқарылып жатқан жұмысты жан-жақты айтып шықты. Көптеген баспананың құжаты жасалмағаны, алдағы уақытта баспаналардың рәсімделетіні де сөз болды. Қалашық тұрғындарының мәселесін шешу барысында қала әкімі Әсет Масабаев және басқа жауапты мамандар бірлесе жұмыс істейтін болады*», – деп жауап берді.

Мемлекет басшысы жемқорлыққа қарсы заңды жылдан-жылға қатайтып, бюджет ақшасын оңды-солды шашқандарға, жымқырғандарға қатаң жаза қолданып жатса да сұғанақтық жасаушылар тиылмай тұр. Мұның бір ұшын «Береке» қалашығындағы салынған коттеджден көруге болады. Қылмыстық іс қозғалса, демек бір шикіліктің ұшы бар шығар. Оны арнайы тексерген аудит пен прокуратура органдары анықтап жатыр. Бүгінгі қоғамда жер дауы мен баспана дауы басылмай тұр. Оның үстіне белшесінен қарызға батып, ұзақ мерзімге ипотекаға алған үйлерінің сапасы сын көтермейді. Мұның жарқын айғағын Талдықорған қа-ласындағы «Береке» қалашығындағы салынған коттеджден көруге болады.

Халық ұлардай шулап, ақпарат құралдарын жұмылдырып, құзырлы орган прокуратура араласпаса, бұл түйткіл жабулы қазан күйінде қала беретін бе еді кім білсін? Себеп, бұл дау-дамай Алматы облысының экс-әкімі Амандық Баталовтың кезінде сан мәрте көтеріліп, көгілдір экраннан ақпаратта таратылған болатын. Бірақ сең қозғалмаған. Облыс екіге бөлініп, Жетісу облысы жеке отау құрғанда қыстың көзі қырауда аязда тонған коттедж тұрғындары қайтадан атқа қонып, жауапсыз мердігерлер мен делдалдарды баспананы қабылдап алып, көзбояушылықпен кезекте тұрған тұрғындарға кілт таратқандарды жазалауды Жетісу облысының Бас прокурорынан талап етуі заңдылық қой. Заңсыздықтармен мықтап күресуге бел буған құзырлы орган да мемлекет қаржысын тиімсіз жұмсағандармен аянбай күресеміз, кінәлілер жауапсыз қалмайды деп сапасыз салынған баспана иелеріне уәдесін берді. «Уәде Құдай сөзі» артын күтейік. Сабыр түбі сары алтын...

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 23 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Апта»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
19.00 «Махаббат тұтқыны»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Тактическая сила»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»
23.00Сериал«Бархатный сезон»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00,01.00 «100 % махаббат»
12.40 «Почти мачо»
14.40 «Практика»
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»
21.55 «Тағдыр талқысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «Чужой грех»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.00 «КТК» қоржынынан
07.20 «Інжу»
08.30 «Ф.И.Л.И.Н»
09.20 «Сашино дело»
13.00 «Джохан»
15.00 «Другие»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Город невест»
23.40 «Подражатель»
01.20 «Тайна лилит»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.25 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Елге қызмет» /тікелей эфир/
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 Т/х «Төтенше жағдай»
11.30 «31 әзіл»
12.00 Мультфильм
13.30 Кино «Лара Крофт: Расхитительница гробниц-2: Колыбель жизни»
15.40 Кино «Рокки»
18.10 «Работорговля»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.55 «Живое»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Әкесінің баласы»
07.10, 01.30 Т/х «12 күн»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 «Доктор Надежда»
10.40 «Смеяться разрешается»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Отражение радуги»
00.00 «Полицейский с рублевки»
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 24 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Апта»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал«Тактическая сила»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»
23.00 Бархатный сезон

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00 «Айнұрдың арманы»
12.40 «Почти мачо»
14.40 «Практика»
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»
21.55 «Тағдыр талқысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/женское»
12.20 «Заколдованный участок»
13.15 «Татьянин день»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.30 «Әулеттер тартысы»
08.50 «Інжу»
09.40 Вечерние новости
10.10 «Ф.И.Л.И.Н.»
11.00, 23.40 «Подражатель»
13.00, 21.40 «Город невест»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 «Другие»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Жанашыр»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «AgroLife»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «ЖасLife»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 Т/х «Төтенше жағдай»
11.30 «31 әзіл»
12.00 Мультфильм
13.40 Кино «Рокки»
16.10 Кино «Розовая пантера»
18.00 «Живое»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.55 «Ваканциня на жертву»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Әкесінің баласы»
07.40, 01.30 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 «Доктор Надежда»
10.40 «Смеяться разрешается»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Отражение радуги»
00.00 «Полицейский с рублевки»
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 25 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Апта»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 , 23.00 «Сезон дождей»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Тағдыр талқысы»
12.00 «Айнұрдың арманы»
12.40 «Почти мачо»
14.40 «Практика»
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/женское»
12.20 «Заколдованный участок»
13.15 «Татьянин день»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.30 «Әулеттер тартысы»
08.50 «Інжу»
09.40 Вечерние новости
10.10 «Ф.И.Л.И.Н.»
11.00, 23.40 «Подражатель»
13.00, 21.40 «Город невест»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 «Другие»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «ЖасLife»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» (Қонаев)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ділмар»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Құпия құжат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 Т/х «Төтенше жағдай»
11.30 «31 әзіл»
13.00 Мультфильм
14.40 Кино «Розовая пантера»
16.30 Кино «Розовая пантера-2»
18.20 «Ваканциня на жертву»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.55 «Противостояние»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Әкесінің баласы»
07.40, 01.30 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 «Доктор Надежда»
10.40 «Смеяться разрешается»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Отражение радуги»
00.00 «Полицейский с рублевки»
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ӘЙЕЛ БҮЛІНСЕ, ӘЛЕМ БҮЛІНЕДІ

Қарағайдан шайыр, адамнан қайыр кеткен заман болды ғой. Құсекеш құс та жұмыртқа басып, өмірге алып келген балапанына тұмсығымен дән тасып, ауыздандырып, қанатын қатайтып, ұядан ұшырып шығарады. Айуанекеш айуан да төліне еміркенеді. Ал адам баласы осы екеуінің қасында саналы, салиқалы, ақылесі дұрыс бола тұра, неге қағанағын жарып, омыртқа белін сындырып тапқан балапандарын өлтіріп жүр? Осындай қатыгездікке барған тасбауырлар өз торайын өзі шайнап тастаған доңыздан қай жері артық.

Екі күннің бірінде есititінің ері әйелін пышақтап тастапты. Әйелі күйеуін пышақтап өлтіріпті. Ойнақтап жүріп от басқандар шикі шақалақты қоқысқа, әжетханаға, перзенттің алдына, көп қабатты пәтерлердің кіре берісіне тастап кетіпті деген жан түршігерлік хабарларға етіміз үйреніп кеткені сондай, селт етпейтін болдық. Енді одан да сорақы, тұрпайы, аза-бойың қаза болатын суық хабарларды естітін болдық. Сонда бүгінгі қоғамда өмір сүрушілер неге сонша қатыгезденіп кетті. Неге тасбауыр болды? Адам өлтіру неге мал бауыздағаннан оңай болып кетті?

Адам өлтіру – бұл кешірілмес күнә. Отан қорғау жолында соғыс болса, оның жөні бөлек. Оның өзі де ауыр қасірет. Халық қаһарманы Қасым Қайсенов бір сұхбатында: *«Менің қолым білегіме дейін қан, менің мойнымда адам қаны бар, мұның ақыретте сұрауы қатты болады»* деп еді. Бейбіт күнде бір-біріне пышақ ала жүгіру, қару кезену, жалпы суық қару қолдану былай тұрсын, қатыгезденіп, төбелесе қалса, бір адамға жабылып, бас-көз демей тепкілеу, денесіне ауыр жарақат салу да адамгершілікке жатпайды.

Әйел, ер деп бөлгіміз жоқ. Алла Тағала екі бөлек жаратқан соң, әйел қауымы нәзік жанды деп бағаланады.

Алайда осы нәзік жандылар қолымен кісі өлтіріп, мектеп қабырғасында жүргендері бір-бірінің шашын жұлып, жабылып бір қызды тепкілеп, доң-айбаттанып жатса не шара?! Басқа-басқа қазақтың салт-дәстүрінде әйелге, қызға деген тәлім-тәрбие ерек еді ғой. Бүгінгі қоғамда соның сарқыны да қалмағаны ма? Жалпы жаһандану дәуірінде біз қай бағытта кетіп барамыз? «Қызың үйде болғанмен, қылығы түзде» болып жатқанын кімнен көреміз? Бұл қызға, жалпы әйел қауымына қаратып қойылатын сұрау. Жетісу облысының Сарқан ауданында денесі қоқыстан табылған 5 жастағы қызды өлтірді деген күдікпен оның анасы мен нағашы ағасы сотталды. 15 жылды арқалаған баланың анасы мен оның бауыры қолдарын қанға малар алдында «Бұл періштенің не кінәсі бар?» деп ойланбағандарына қайран қаласың. Сәбиді екеуара сөз байласып өлтіріп, қоқысқа апарып лақтырып, аяушылық сезімдері оянбай кете барған. Егер қылмыстары ашылмай қалса, сәбидің анасы мен оның бауыры түк болмағандай мына жарық дүниеде қалай алшаң басып жүре береді. Анау-мынау емес, ес біліп қалған бес жастағы баланы өлтіру, оның үш ай қоқыста жатуы, мүрдені далада ойнап жүрген балалардың тауып алуы жүрегі бар адамды бейжай қалдыра ма? Ал баланың шешесі мен нағашысында жүрек жоқ па? Бар, бірақ қатайып кеткен, адамгершіліктен ада. Жоғарыда жазған құста, айуанда бар мейірімділік бұл екеуінде мүлдем жоқ. Бар болса бес жасар қызды тұншықтырып өлтіре ме? Айуандығы сол он төрт жыл бұрын туған бауыры қарындасын зорлаған. Туған бауырымен бірігіп қылмыс жасаған қыздың анасы қазір жиырма жаста, үшінші баласына аяғы ауыр, енді абақтыда жатып сәбиін босанатын болады. Айтуға аузың бармайтын мұндай оқиғалар қазір жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай қаулап кетті. Баласын өлтіріпті, күйеуін өлтіріпті деген суық хабарды күнара еститін болдық.

Алматы облысының Іле ауданында 37 жастағы әйел ұлын пышақтап тастаған. Өтеген батыр кентіндегі балалар ауруханасына бірнеше пышақ жарақатымен 10 жастағы бала жеткізілген. Тексеру барысында баланың анасы ас үй бөлмесінде оған бірнеше рет пышақ жарақатын салғаны анықталған. Күдікті ұсталып, полиция бөліміне жеткізілген.

«Оған қатысты сот-психиатриялық сараптама тағайындалды, бұлтартпау шарасын таңдау және оны психологиялық диспансерге орналастыру туралы мәселе қарастырылуда» делінген полиция таратқан хабарламада. Жүйке жүйесінде ақауы бар ма, жоқ па, оны тағайындалған сараптама нәтижесі анықтай жатар. Дені сау әйел өз баласына он алты жерден пышақ сала ма? Аса ауыр хәлде ауруханаға түскен жеткіншекке шұғыл жағдайда операция жасалған. Ота сәтті өткенімен, баланың жағдайы әлі де ауыр хәлде екенін дәрігерлер айтуда. Қағынан жеріген құландай, бірі баласын тұншықтырып, енді бірі пышақтап тастаса, Маңғыстау облысында үш жасар баласын анасы ұрып өлтірген. Ойпырмай, шыбын жанын шырқыратып қалай ұрып өлтірген, бұл не деген қатыгездік? Анау-мынау емес, өз анасы, ішін жарып шыққан баласына мейірі түспей ұрып өлтіру дегенің сұмдық қой. Әйел қауымын түгелдей кінәлаудан аулақпыз. Бірақ «бір қарын майды бір құмалақ ширітіпті» дегендей, осындай тасбауыр аналар бүкіл әйел қауымының атына кір келтіріп тұрған жоқ па? Анау мектеп қабырғасында жүріп құрбысын жабылып ұрып, бас-көзге қарамай төмпештеп, тепкілеп, шашын жұлып, басын жерге ұрып жатқан бойжеткендерден ертең қандай ана шығады деген ойға қаласың. Құмырадағы жынды суды сіміре ішіп, әлем желіде «маған похый» деп тұрған ешкі құйрық, еркетотай бас бұзар, әке-шешесінің абыройын ойлап тұрған жоқ. Оларға аналары қандай тәлім берген. Елдің алдына шығарып кешірім сұрағаннан тәртібі түзеліп кете ме? Бірді айтып, тағы бірге кетіп қалғандай болмайық, әйелдің де түбі қыз болғандықтан осындай қатыгездікке барып жүрген әйелдер қыз кезінде қандай тәрбиеде болды екен деген сауал сананың шаңын қағады. Ал, енді Маңғыстаудағы баласын ұрып өлтірген әйелге сот маусым айында абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірді деп айыптап, сотталушы әйел-ді 8 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған. Бұл ауыр жаза ма, жеңіл жаза ма, оны оқырман өзі сараптар. Соттың таққан айыбында: *«Әйел қызын ұрып-соғып, итеріп жіберген, соның салдарынан қыз үстелдің бұрышына соғылған. Содан кейін әйел жұдырығымен баланың ішінен бірнеше рет соққы жасаған. Содан анасы үйден шығып кеткен, ал сәби екі жарым сағаттан кейін алған жарақатынан қайтыс болды»,* – делінген хабарламада. Үш бірдей сәбидің өміріне балта шабылды. Екеуінің өмірі қыршыннан қиылды. Біреуінің өмірі қыл үстінде тұр. Үш тағдыр, үш түрлі оқиға, үш түрлі әйел. Үш сәбидің де аналары перзенттеріне аяусыздық танытқан. Бұл дүниедегі сұрауы сот арқылы шешілгенмен, ақыреттегі сұраулары қалай болады, оны бір Алла біледі. «Кісі ақысын кісіге жібермейтін құдіреті күшті бір Құдай осы үш ананы да, тозақтың отында шырылдататыны хақ. Күн сайын жас демей, жасамыс демей адам өлтіру құбылысқа айналып барады. Бұл үлкен трагедия. Балаларын өлтіріп жүрген әйелдер күйеулерін де пышақтап жүр. Жыл басталмай жатып Талдықорған қаласында азаматтық некеде тұратын әйел күйеуін өлтірген. Көп қабатты тұрғын үйлердің бірінде 11-ші қаңтар күні болған. Өздерінің жалға алған пәтерлерінде мерекелік отырыста ішімдік ішіп арты адам өліміне ұласқан. 42 жастағы азаматты әйелі пышақтап тастаған. Бүгінгі таңда аталған факті бойынша ер адамның өліміне азаматтық некеде бірге тұратын 33 жастағы жас әйелі қамауға алынып, жауапқа тартылуда. Адам өлтіру шыбын өлтіргеннен оңай болып кетті. Қылмысты жасап тұрған әйел қауымының бойындағы нәзіктік, мейірімділік сезім қайда кетті. Қылмыс жүйесі бойынша қарасаң әйел ерек деп бөлудің қажеті жоқ. Қылмыстың аты қылмыс оны кім жасаса да, ол жынысқа бөлінбейді. Десекте, әйелге тән инабаттылық, балаға, ерге деген сүйіспеншілік пен махаббат неге машақатқа айналды? «Арақ жүрген жерде әзәзіл жүреді». Азаматтық некедегі күйеуін өлтірген әйел ішімдіктен не істеп, не қойғанын білмеген шығар деп ақтағың келеді. Алайда әйелдің ішімдікке үйір болуына түсініспен қарауға бола ма? Тұрмыс тауқыметінің зардабын тартып күйзеліп кетсе де, әйел, әйел болып қалуы керек қой. Солтүстік Қазақстан облысында 31 жастағы учаскелік инспекторды құдай қосқан қосағы өз үйінде өлтірген. Аты шулы оқиға Қызылжардың Береке ықшам ауданында өткен жылы мамыр айында болған. Учаскелік полицей ата-анасы, жары, екі кішкентай баласымен бәрі бірге тұрып жатқан. Туыстарының айтуынша, түнгі үштер шамасында марқұмның қанға тұншығып жатқанын әкесі естіп, бірден жатын бөлмесіне барған. Қан жоса етіп пышақталған баласы мен сілейіп тұрған келінін көріп жан ұшыра айқайлаған. Бастапқыда әйелі күйеуінің суицид жасағанын айтып ақталған көрінеді. Алайда тергеп-тексеру кезінде кінәсін толық мойындаған.

«Қылмыстық кодекстің 99 бабы 1 бөлігімен өз күйеуін өлтірген жұбайы сот үкімімен 8 жылға бас бостандығынан айырылған. Бұдан бөлек айыпталушы жәбірленуші тарапқа 4 миллион теңге көлемінде моральдық өтемақы төлеуі тиіс», – дейді СҚО Қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соты. Марқұм сол ауылда учаскелік полицей қызметін атқарған. Еңбеккорлығының арқасында өткен жылы Көкшетаудың «Үздік маманы» атаныпты. Әріптестері оның қызметіне адал, тәртіпті отағасы болғанын айтады. Ал сотталған әйелдің төркіні марқұммен көңілдес болған әйел берекелі отбасының шырқын бұзған дейді. «Екі жастың ортасына есі кеткен түседі» дегендей, айыпталушының ата-анасының айтқаны рас болса, бұл қызғаныштан туындаған қылмыс. Бұл қылмысты да жасаған әйел. Сабырлыққа жүгініп, заң аясында әрекет еткенде мұндай қатыгездікке бармаған болар еді. Енді дәм-тұзы абақтыдан бұйырған жас келіншектің екі бірдей баласы ата-енесінің қарауында қалды. Қылмыстық жазасын өтеп қайтар, ес кіргенде балалары: «Әкемізді неге өлтірдің, теріс қылығын білсең ажырасып кетпедің бе» деп аналарын жек көріп кетпей ме? «Әйел бүлінсе әлем бүлінеді» деген тәмсіл шындыққа айналып келеді. Құдай ақырын берсін деңіз...

А. БҰЛҒАҚОВ.

● МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Өзіндік үлес қосайық

Соңғы жылдары мемлекеттік тіл туралы айтуда да, жазуда да кемшін жоқ. «Қазақстанның Ұлт бірлігі» доктринасы соның жарқын дәлелі. Онда мемлекеттік тілді меңгеру бұдан былай «… әркімнің парызы мен міндеті»-деп атап көрсетілген. Сондықтан қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс.

Тіл халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды болуы үшін әрбір азамат мемлекеттік тілді дамытуды, оның қолданылу аясын кеңейтуді басты борышымыз деп санауы керек. Дегенмен, мемлекеттік тіліміздің мерейін өсіріп, мәртебесін арттыру жолындағы шараларды іске асыруда қарапайым кемшіліктердің де орын алып келе жатқаны құпия емес. Алысқа бармай ақ, мұндай мысалды күнделікті сот процестерінде де байқап жүрміз. Атап айтсақ, сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз.

Осы маңызды мәселені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Манат ҚАСБАҚБАЕВ,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы сот отырысының хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

ӨМІР АЙДЫНЫНДАҒЫ

Ерлі-зайыпты Жексенбай Тәтиұлы мен Қаншайым Сыдыққызы жайлы бір үзік сыр

Тамыры терең өсімдіктің табиғат аясында өмір сүруінің ұзақ болуы топырағының құнарлылығы мен жер ылғалының молдығынан, көкке өрлеп бой түзеген жерінің қолайлы жаратылған тұмса қасиеттерінен дейтін болсақ, адам баласының бесікке тербетілген шағынан бастап ана сүтімен тал бойына дарытып, қанына сіңірген өнегелі де тәлімді тәрбиесіне, ержеткенде елі мен жеріне адал қызмет ету арқылы абырой-құрметке бөленіп, жан-жағына шуақты шапағатын шашып жүруі білікті білім мен адагершілік парасаттылығына, тікелей қатысты екені аян. Осындай тегеурінді тектілікті пір тұтқан абзал жандардың бірегейлерінің бірі – Көксу, Ақсу және Ескелді аудандарының Құрметті азаматы Жетпісбаев Жексенбай Тәтиұлы десек, еш артықтығы жоқ деп батыл айтуға болады.



Олай дейтініміз лауазымды қызметіндегі беделі өсіп, тәлімді тәрбиесі толықса да, кісілік келбеті кемелденген шақта да кішілік ілтипатынан, ізеттілік инабатынан ауытқып көрген жан емес. Және бір жақсы қасиеті – еңбегін сатып, бәлсінбейтіні. Мансап қуып, пайда тауып, даңғаза беделге ие болуға да құлшынбайтын сабыры берік жан. Ол мемлекеттік лауазымды қызметкер иесіне тән ар-намысын, инабаттылықты қастер тұтқан мамандығының біліктілігін нақты ісімен дәлелдей білген еңбекқордың қойторысы атанған, абырой жалауын желбіретіп алғы шепте жүрген ардақты азамат.

Балалық-жастық шағын екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапылы мол, аласапыраны сойқанды жылдарында өткерген өрімдей өрен Жексенбай да небір ауырытпалықты басынан кешіргендігі де жасырын емес. Ержетіп, есейген Жексенбай Жетпісбаев жастайынан Нұрмолда атасының қарамағында жүріп, қабырғасын еңбекпен қатайтып, буынын бекемдейді. Әдепкі еңбек жолын шаруашылық басшысы Нұрмолда Алдабергеновтың қызметтік көлігінің жүргізушісі болып бастайды. Ақылшы ағасының қамқорлығымен кәсіби мамандық алуға ұмтылады. Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтында оқып, инженерлік мамандықтың тетігін меңгереді. Содан бастап, қызметінің баспалдығы біртіндеп жоғарылап, биікке қарай өрлей береді.

Қызметтік міндетін тиянақты атқарып, іскерлік қабілетін таныта білген жас маман атақ-даңқы Кеңестер Одағына мәлім Партияның XX11 съезі атындағы колхозының бас инженері болып тағайындалады. Мойынға артылған міндетін үлкен жауапкершілікпен атқарып, шаруашылықтағы техникалардың науқандық жұмыстарға әрқашанда сақадай-сай тұруына ықтияттылықпен қарап, өнімді еңбек етуге өзіндік үлесін қосады. Ұйымдастырушылық қабілетінің ұтқырлығы мен жұртшылықпен тіл табыса білетін ерекшелігін байқаған аудан басшыларының ұйғарымымен Жексенбай Тәтиұлы Жетпісбаев іргелі шаруашылықтағы партия комитетінің хатшысы болып сайланып, коммунистік алғы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы іс-шараларды ұтқырлықпен жүргізуге күш салады. Еңбек адамдарын міндеттемелерді орындауға жұдырықтай жұмылдыра білетін ұйымдастырушылық қабілетімен көзге ілігеді. Облыс басшылығы оған жеке шаруашылықты басқару тізгінін ұстатуды ұйғарып, Жексенбай Жетпісбаевты Талдықорған облысы бойынша іргелі шаруашылықтың біріне саналатын Ақсу ауданындағы сан салалы Жансүгіров атындағы колхоздың басқарма бастығы лауазымына сайланады. Ұжым мүшелері де жылы шыраймен қарсы алады.

Дала академигі атанған ағасы Нұрмолда Алдабергеновтың іскерлік тәжірибесін көзбен көріп, одан үйренген өнегелі тәлім-тәрбиесі мен жаңа қызметке кірісер шақтағы ақыл-кеңестерін басшылыққа алған Жексенбай Тәтиұлы жоғары жақтың өзіне артқан сенім үдесінен шығуды мақсат-мұрат тұтып, іске барынша құлшына кіріседі.

Алғашқы сәттен қиындықтың қыбын тауып, жоспарлы жұмысты ұтымды ұйымдастырудың игілікті ізденістерінің нәтижесінде шаруашылық экономикасы нығайып, жаңа техникалар сатып алуға мүмкіндік туады. Төрт-түлік саны өз төлі есебінен өсіп, өндірілетін өнімдері көбейеді. Егіншілік те табысты салаға айналады. Қаржы қоры көбейген соң еңбек адамдарының тұрмыстық жағдайлары да жақсара бастайды. Шаруашылық орталығы да көркейіп, жаңадан мектеп, балабақша, сауда орталығы сияқты еңселі құрылыстар салынып, пайдалануға беріледі. Тұрғын үйлер бой көтеріп, оларға ауыз су құбырлары тартылады. Жексенбай Тәтиұлы қызмет барысында өзінің негізгі нысанасына бет түзеп, халықтың көкейінен дәп шығу жағына ерекше көңіл бөлгендігі жұртшылыққа ұнап, көңілдерінен дәп шыға білгендігін көпшілік қауым құптайды.

Халық үшін атқарылған игілікті істерге ел-жұрт ризалықтарын білдірсе, жоғары жақтағы басшылар да шаруашылықтың барлық көрсеткіштер бойынша жаңа табыстарға жетіп, облыс бойынша алдыңғы қатарға шыққандығын атап өтіп, кеңінен насихаттайды.

Иә, осынау біртуар тарихи тұлға Нұрмолданың берген ақ батасы мен ақ ниеті, тілеуінің қолдауы болар, бәлкім, мен де Ақсу ауданындағы Жансүгіров атындағы колхозды басқарған жылдары қант қызылшасын өндіруде облыс бойынша бірінші орынды иеленіп, сол кездегі социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Одақтық Ауыспалы Қызыл Туын екі мәрте жеңіп алады. Одан кейін Көксу ауданындағы Құйбышев атындағы колхозын басқарған кездерімде де ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрін өндіруден аудан және облыс көлемінде алдыңғы қатардан көрініп, абыройлы еңбек етіп, ел-жұрттың құрметіне бөленеді.

Әр салалы шаруашылықтарды басқарудағы іс-тәжірибесін еске алған Жексенбай Тәтиұлы былайша сыр шертетіні бар: – Ол кезде талап күшті еді. Жоспар белгіленеді. Көтеріңкі міндеттемелер қабылданады. Өзара социалистік жарыс қорытындысы шығарылады. Табыс мадақталып, кемшілік мінелетін. Сынды түзеу, одан тиісті қорытынды шығару талабы күн тәртібінен түспейтін. Осындай сын-сынақтан сүрінбей жүріп еңбек еттік. Еңбегіміз еш кетпеді. Республика бойынша Жетісу өңірінің алдыңғы қатардан көрінуіне қол жеткіздік. Мұны сол кезеңдегі тынымсыз еңбектің мәуелі жемісі деп білемін. Табысқа қол жеткізудің оңайлықпен келе салмағаны белгілі. Кезінде ел басқарған азаматтардың тәжірибесінен білеміз, ауқымды істерді атқару үшін жүрекке салмақ, жүйкеге жүк түсіретінін де сезінетін едік. Халық үшін ұлан-ғайыр деуге әбден лайықты көптеген игілікті істерді жүзеге асыру елдің бірлігі мен жұдырықтай жұмыла білгендігінің айқын көрінісі деп білемін. Аймақтың ішкі мүмкіндіктерін жетік біліп, ішкі мүмкіндіктерді іске қосуға шынайы ынта-ықылас таныта білуінің нәтижесі екені хақ. Көп жағдайда қабілет қарымды да, мінез-құлқы да жұрт ойлағандағыдан да жоғары талап та қойылатын. Өңірдегі оңды өзгерістердің бәріне қызметтес болған ка-дрлармен бірлесіп жұмыс істеуінің жемісті нәтижесі екені және анық. Шаруашылық мамандарына нақты тапсырмалар беріп, сенім артып, өз міндеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарауын талап етуді босаңсытпай, темірдей тәртіпті орнатудың нәтижесі екені хақ. Осындай үлгі тұтарлық үлгі-өнегені мен де ұлағатты тұлғалардан көріп үйренгенім өте көп. Атап айтқанда, Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың қол астында адал еңбек ете жүріп, көп нәрсені түйсігіме берік түйдім. Осы асыл ағаның данагөйлікке үндейтін әңгімелерін, ақылкеңестерін тыңдап, дәмдес болып, ақ баталарын алғанымды өзіме үлкен мәртебе санаймын, әрі мақтан етемін.

Жекең – Жексенбай Тәтиұлының бірнеше ауданда шаруашылықтарды басқарудың тізгінін ұстап, экономикасын өркендетіп, ауылдардың мәдениетін марқайтып, халықтың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайларын жақсартуға білімі мен біліктілігін, іскерлік қабілетін ұштауға күш-жігерін аямай жұмсай жүріп, тәлімді тәжірибелер жинақтауымен ел-жұртына білікті басшы ретінде танылады. Кісілік келбеті келісті, жаны жайсаң, жағасы жайлау дархан пейілді Жекеңнің еңбек еткен ортасында мәртебесі өсті. Абыройы асқақтады. Беделі биіктеді. Өңіріне жарқыратып орден де, медаль да тақты. Солай дегенмен де адамгершілік табиғаты қарапайым Жексенбай Тәтиұлы тек еңбектің соңында жүріп, бұлтың-сылтыңға салынатын әдетке бой алдырмаған адал ниетті, кіршіксіз таза деуге лайықты жан. Барға мастанып, шалқып тасуы, кеуде кере мақтанып, асқақтауы некен-саяқ. Қуанышы қаншалықты қойынына сыймай, асып-тасып жүрсе де, көкірегіне тоқтық сезімін ұялатып, барды қанағат тұтудан әрі аспай, жұртқа жасаған жақсылығы мен қызметін дабыра етпей, әр істі өз орнымен тиянақты тындырып жүрсе де, онысын сыпайылықпен дабыра етпей жылы жауып қоя беретін ұстамдылығымен де ерекшеленетін қарапайымдылығы басым жан.

Дара ойлы Абай: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген екен. Осы адами асыл үш қасиет Тәти ата әулетінің ұрпақтарының тұла бойына берік дарыған деуге толық негіз бар. Лайым іскерлік пен адалдықты, қарапайымдылықты, тазалықты арына балаған білікті басшы Жексенбай Тәтиұлы Жетпісбаев атқарған барша игілікті істерінің нәтижелерін ел-жұрты жоғары бағалап келеді. Осындай ізгіліктерге бастайтын ұтқыр ұйымдастырушылық-іскерлік қабілеті ұшталған сайын шарапатты жақсылықтарға жетелейтін дара жолы кейінгі жасөспірімдерге үлгі-өнеге болары анық.

Жексенбай Тәтиұлы зейнеткерлік

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚОС АҚҚУ

демалысқа шыққалы да қоғамдық еңбектен қалыс қалған емес. Жетісу облыстық және Талдықорған қалалық, ардагерлер ұйымдарының ең белсенді мүшелерінің бірегейі екенін жұртшылық жақсы біледі. Ол Көксу, Ақсу және Ескелді аудандарының Құрметті азаматы ретінде де өзі қызмет атқарған өңірлердегі жақсы жаңалықтарға құлақ түріп, қажетті кезінде ақыл-кеңестерін айтып, бағыт-бағдар көрсетіп отырудан да қалыс қалмайды.

Жексенбай сүйікті жары Қаншайым Сыдыққызымен тағдыр қосып, киелі Шұбар ауылына келін болып түсерде шаруашылық басшысы Нұрмолда Алдабергенов қызметтік көлігі – ақ «Волгасын» мінгізіп, күйеу жігіт Жексенбайды қалындығын алып келуге жібереді. Қаншайым келін болып түсіп, ақ босағаны аттарда Нұрмолда атасы жасыл желекті шырайлы Шұбар ауылындағы Еңбек Ері атанған атақты адамдар мен ақсақалдарды жинап, ақ батасын береді. Қаншайым сол бір шаттығы шалқыған шақтағы сәттен алған әсерін әлі күнге ұмытпайды. Сөз арасында жиі еске алады: «Жүздері жарқын аталардың өсиетті сөздері құлағымнан кетпейді. Бәрін де ақылға толы ұлағаттыққа үндейтін қағидалы өсиеттей сезінемін. Келіндік міндетімді мінсіз атқаруға риясыз икемделдім. Инабаттылыққа үндеген ақылкеңестері арқылы ұлтымыздың салт-дәстүрінің үрдістерін үйреніп, санама берік сіңірдім. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегеннің мәнмағынасын терең ұғынған кезімде осы тұс. Алғаш ақ батасын берген ауылдың ақиық азаматтарын ерекше сыйладым. Жалпы ауыл адамдары менің бірге туған бауырларымдай болып, көрген жерде үлкендері: «Қарағым, шырағым» деп айналып-толғанғанын көріп, көңілім көтеріліп марқайып қалатыным бар. Олардан ерекше бір мейірімділік лебін сезінетінмін. Осындай мейірдің әсері де болар, бәлкім, елге, жерге деген сүйіспеншілігім еселене түскенін жасыра алмаймын. Қай-қайсысы болсын, мейірбандық танытып, жылы лебіздері мен ыстық ықыластарын білдірісіп жататын. Соның өзі маған күш-қуат беретін. Алға ұмтылдыратын. Жақсылық пен мейірлі пейілдің шапағатты шуағын шашатын тектілерден үйренген тәлімдерім күнделікті дағдыға айналды. Сол дағды әлі күнге қалған жоқ. Жасым егде тартса да, иіліп сәлем салып, инабаттылық көрсетіп, алғыстарын алып жатудың өзі мен үшін рахаттай көрінеді. Үлкен іс тындырғандай тынысым да кеңейіп, жүзім қызғалдақтай құлпырып, жайраң қағып жадырайтынмын. Еңсемді де жоғары ұстайтынмын. Мен үшін одан артық ғанибет жоқ та еді сол шақта.

Қаншайым Сыдыққызының басына ақ орамал тартып, келін болып түскен жері Тәтібек атасының ақ босағасы еді. Отағасы ауыл-аймағына қажырлы еңбегімен танылған ақиық азамат-тын. Зайыбы Нұрғиса Құмарбай қызы да төңірегін түгендеп, татулыққа ұйытып отыратын жайдары жүзді ақылманды ана-тын. Ел ішінің береке-бірлігін сақтауға бар ынтасын салатын. Ақыл мен мейірге толы жүрегінің кеңдігін білдіріп, ешкімді жатсынбайтын. Абысын-ажындарының басын қосып отыратын ақылман ана ретінде танылғандықтан ел-жұрты қоғадай жапырылып сәлем салып, сыйлап, құрметтеп жататын. Осындай сүттей ұйыған ортаға келін болып түскен Қаншайым қайын атасы Тәтібек ақсақалдың ақылын тыңдап, ізеттілік пен ибалықты қалыптастырды. Ағалары Сембай, Әбен, Нұрке де аялы алақандарын жайып, қолғабыстарын беріп, қамқорлық жасағандары тағдыр қосқан Жексенбай мен Қаншайымды қанаттандырып, жігерлендіруге көп ықпал жасады. Қаншайымның енесі Сәтбала қайырымды, ақылды, абзал әз әже еді. Абысын-ажындары мен ағайын-туыстары арасындағы ауызбірліктері құрыштай берік-тін. Бір отбасында он төрт жан тұрып жатқанына қарамастан әй-шәй дескен кездерін көрген де, сезінген де емес. Татулықты ту етіп ұстап, шүйіркелесіп отырып, барды бөлісіп, ішіп-жейтін. Қаншайым да көпшіл ортаға тез бейімделді. Бәрімен етене араласып, тіл табысып кетті. Абысын-ажындары да Қаншайымды қызындай үлпілдетіп ұстады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, Қаншайым да сыйға-сый көрсетіп, кішіпейілдік пен сыпайылық үрдісін сақтай жүріп, әдептілік дәстүрдің құдіреттілігін сезініп тектіліктің тәлімді үрдісін бойына молынан дарыта білді. Инабаттылыққа



тәрбиеленді. Абысындары Ақжарқын, Тәшенбала, Нұрғиса, Батима, Саумал және басқалардың өнегелі істерін үйренді. Бәрі де келіндерін қыздарындай аялайтын. Олар: «Қарағым келін, аттаған босағаң киелі шаңырақ. Ата-енеңнің атына кір келтіріп, мысын баспайтын, еңсесін еңкейтетін әдепсіздік жасау әулетімізге жат қылық саналады. Әдептіліктен азбайсың, тектіліктен тозбайсың, қайта абыройың артады. Үлкендердің қағидалы сөзін құлақ құйып, санаңда сақтап жүргейсің» деп ақылдарында құлағына құятын.

Әулеттің Зейнеш, Сара, Нәжет, Нұрпәзи келіндерін өздерімен тең көріп, кеңінен сырласып, білгенін үйретіп, білмегенін бір-біріне түсіндірісіп, татулық дәрісін дәріптейтіні көнігі дәстүрге айналған-ды. Ауылдағы Жексенбайдың әріптестері мен қызметтес жора-жолдастарымен, еңбектес құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастары да кеміген емес. Мыңбай Рысбай – Шәкен, Жанатов Көшкінбай – Қалтай, Саурықбаев Ғазиз – Күләш, Молбаев Өмірзақ – Бегіман, Шатырбеков Жанабек – Раушан, Махметов Қыдырбек – Тергеуова Шайбала, Мұратбеков Сағымбай – Сәруар, Жандыбаев Кеңес – Сәуле және басқалар ауылдың жас мамандары еді. Бәрі бірлесіп Нұрмолда атаның ауылының өркендеуіне, гүлденуіне үлес қосуды өздеріне перзенттік парыз санайтын. Ауыл азаматтары мен жастары бірін-бірі қолдап жүретін, араларына жік түспейтін-ді.

Бірлігі берік шырайлы Шұбар ауылына келін болып түскен Қаншайым Кеңес Одағының Батыры Матай Байысов атындағы мектепке өзінің мамандығы бойынша химия және биология пәнінің мұғалімі болып орналасады. Сонымен бірге мектептегі оқу және тәрбие ісінің меңгерушісі міндетін қосымша атқару жүктеледі. Еңбек жолын жаңа бастаған жас маман өзіне жүктелген жауапты міндетті тиянақты атқаруға, институтта оқығаны мен көңілге тоқығанын тиімді пайдалануға ұмтылады. Көп ізденіп, ерінбей еңбектенеді.

Тәти әулетінің киелі де қасиетті шаңырағының табалдырығын оң аяғымен аттаған Қаншайым да абыз аталарының ақ батасын алып, қосағы Жексенбаймен қол ұстасып, өмір айдынына қос аққудай қанат қаққан еді кезінде. Екеуінің де бағы жанды.

Ал Қаншайым да қатарынан қалыспай, өзінің кәсіби мамандығы – жас-өспірімдерге саналы тәрбие, сапалы білім беру ісінде қандай жұмыс істемесін тапсырылған міндетіне жауапкершілікпен қарап, іскерлік қабілетін нақты іспен дәлелдеп, тиянақтылығымен көзге түсе білді. Педагогикалық ұжымға мейірбандылығымен сүйкімділігін арттырған Қаншайым ханым да жақсы жетістіктері үшін талай мәрте марапатталып, Ақсу ауданының Құрметті азаматшасы атанды.

Барша қауым сыйлайтын талай зиялылар мен жайсаңдар Жексенбай мен Қаншайымның шаңырағының төрінде отырып-ақ дастарқанынан дәм татып, дархан пейіліне ризашылық ниетін білдіргендер қаншама?! Олардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, көрнекті жазушылар Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Бауыржан Момышұлы, Кемел Тоқаев, белгілі сазгер Нұрғиса Тілендиев және Үндістанның бір топ ақын-жазушылары мен өнер қайраткерлері қазақтың жомарттығына осы Жексенбай мен Қаншайым жайған дастарқаннан дәм-тұз татқанда тәнті болғандықтарын мақтана айтқаны көкейде сайрап тұр.

Қазақтың өрлігі мен ерлігіне, ниеті мен пейіліне, дархандығы мен жомарттығына, дастарқанына дарытқан құт-берекесіне, өзі әрдайым сыйынатын Алла Тағаласының рахымына тәуба айтып, тағзым етуді санасына берік ұялатқан Қаншайым қарапайымдылығымен танылған иманжүзді жан. Қазақы қалпымызды қалыптастырған, ұлттық дәстүрдің үрдістерін молынан санасына құйып, инабаттылыққа үйреткен Тәтібек пен Нұрмолда сынды аталарының қасиетін, өсиетті сөздерін зерделеген келін Қаншайым ақсақалды аталарынан алған ақ батасын санасына берік ұялатқан мейірбанды жан ретінде тектіліктің алтын дәніндей сыпайылықты бойына молынан сіңіре білген тәлімгер. Бәрін де жүрегімен сезініп, ақылымен ой қорытып, түйінді сөз айтуға да шебер-ақ.

Қазақта: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы тәмсіл бар. Осы тұрғыдан алғанда Тәти ақсақалдың әулетінен жапырақ жайып, өркені өскен ерлі-зайыпты Жексенбай мен Қаншайымның отбасылық өнегесі мен балаларын адами үрдістердің рухында тәрбиелеп, еңбекке баулудағы өнегелі істерін жалпақ жұртқа жария етіп ұсынуға лайықты екеніне әркімнің кепілдік беретіндігіне сенім де кәміл. Олардың өзіндік болмыс-бітімі, сыпайылығы мен инабаттылығы өзара жарасымдылық тапқан тамаша жандар екені екінің біріне жақсы мәлім. Ерлі-зайыпты Жексенбай мен Қаншайымның ұстамдылықты ту етіп ұстаған ойлары парасатты, сабырлылықты сақтап, тіршіліктегі әрекеті мен берекетін адал еңбектерімен айшықтаумен қатар адамдарға жасаған жақсылықтарының шарапатын тектіліктерімен, инабаттылықтарымен ұштастыра білген аса құрметке лайықтылар қатарында саналатын жайсаң жандар екендігіне ешкім де шүбә келтіре алмайды.

Шалқар шаттығы шалқыған шаңырақтың құт-берекесін арттырып, тереңге тамыр тартып, жапырағын жайқалта жайған бәйтеректей саялы отбасында өмірге тұлғалы азаматтар мен қырдың қырмызы гүлдеріндей көрікті қыздар ержеткізіп, ыстық ұясынан қанаттандырған алтындай балаларын тәрбиелеудегі үлгі-өнегесі де мирас тұтарлық құндылықтарға айналғаны мақтан тұтуға әбден лайықты. Ұрпақтарының бойына ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік сияқты адамгершілік үрдісі үстем абзал қасиеттерді молынан дарыта білгендіктері сүйкімді істерінен меңмұндалап көрініп тұрады. Жексенбайдың қара шаңырағында ата-енесін күтіп, барлық жағдайын жасап, жас баладай мәпелеп отырған келіні Салтанат Жұмаханқызы да отбасылық дерін де сыпайылыққа, биязылыққа, ілтипаттылыққа, кішіпейілділікке, инабаттылыққа, қарапайымдылыққа, әдептілікке үйренгендігін ізеттілікпен риза етіп келеді. Осы Салтанат келіннен өнегелі тәлім-тәрбие үйренген балаларының бәрі де ата шаңырағының намысы мен абыройына дақ түсірмеуді ардақ тұтумен бірге отбасылық ортақ істің мүддесін бірлесіп шешу үрдісін берік қалыптасқан десе еш артықтығы болмас.

Ерлі-зайыпты Жексенбай мен Қаншайым үш ұл мен екі қызды тәрбиелеп өсірді. Бүгінде бәрі де жоғары білімді. Үлкен ұлы Нұрлан – құрылыс инженері, одан кейінгі Гүлмирасы – банк қызметкері, Розасы дәрігер, Бағланы – шаруа қожалығының иегері, кіші ұлы Ілиясы Астанада жер комитетінің білікті маманы.

Міне, тектілікті ғибратты ғұмырының темірқазығына балап, өмір айдынында жұбын жазбаған ерлі-зайыпты Жексенбай мен Қаншайым сынды ата-ананың бүгінгі бақыттың кенішіне кенелген тыныс-тіршілігі осылайша жалғасып, әулеттің ата тегінің үбірлі-шүбірлі өрендері өрбіп өсіп, отбасыларында 16 немере мен алты шөбересі тотыдай түлеп келеді.

Қазақы ұлттық құндылықтардың ұтымды үрдістерін сәттілікпен жалғастыра отырып, береке мен бірліктің темірқазығын мықты ұстанған жанұя отағасы Жексенбай Тәтиұлы бүгінде 85 жасқа толса, отанасы Қаншайым Сыдыққызы 80-нің сеңгіріне серуендеуге бет алды. Қатар келген қос мерейтой өзара ынтымақтың жарасымдылығы мен татулығын ұрпақтары одан әрі жалғастырып, әркашанда үйлесімділік тауып жататындығына әркімнің қызыға қарайтындай ұнамды үрдіске айналатындығына сенім де мол. Қорды қанағат тұтып, қолда барға шүкіршілік еткен шаңырақтан ашық аспан көгінен шапағат шуағын шашқан күндей шат-шадыманы шалқыған мамыражайлықтың нұрына бөлену мен ақ ниетті көңілділікті сезінудің өзі бір ғанибет десе болады.

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,
Алматы облысы мен
Балқаш ауданының Құрметті азаматы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЫЕ ДЕТИ - ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В АЛМАТЫ ОТКРЫЛСЯ НОВЫЙ ДЕТСКИЙ СПОРТКОМПЛЕКС «АЛАН». ЕДИНОВРЕМЕННО В СПОРТИВНОМ КОМПЛЕКСЕ МОГУТ ЗАНИМАТЬСЯ 500 ДЕТЕЙ.

ОТКРЫЛСЯ НОВЫЙ ДЕТСКИЙ СПОРТКОМПЛЕКС „АЛАН"





По словам основателя, члена Совета деловых женщин города Алматы Чинары Бугимбаевой проект нацелен поддержать идею «Здоровая нация, здоровые дети». Как мама четверых детей и руководитель сети Qaganat, в которой работает более 1500 женщин, большинство из которых многодетные матери, предприниматель понимает, что будущее нашей страны зависит от здорового поколения детей для которых физкультура и спорт очень важны.

«*Глава государства уделяет огромное внимание развитию массового спорта. И мы хотим, чтобы наши дети имели возможность заниматься спортом в шаговой доступности от дома. В Алматы Наурызбайский район очень динамично растет, строятся школы, гимназии. Это первый полноценный спортивный комплекс в этом районе. Мы хотим стать примером для других*», – отметила Чинара Бугимбаева.

На открытии присутствовали первый чемпион «Казахстан Барысы» по казахша курес Улан Рыскул и призер Азии по дзюдо Елдос Жумаханов. Спортсмены пожелали юным спортсменам успехов, сил и терпения.

«*Мы сегодня стали свидетелями открытия современного комплекса, где дети смогут раскрывать свой потенциал. Подобные объекты могут может строить не только государство. Предприниматели открывают и трудоустраивают много людей. И мы приветствуем предпринимателей, которые строят такие объекты. Как Палата предпринимателей, мы готовы оказать поддержку и консультации. В дальнейшем будем рады совместно реализовывать социальные проекты*», – сказал представитель Палаты предпринимателей города Алматы Нияз Жалгасулы.

ALAN – это совершенно новый комплекс, площадью около 2000 кв. метров, который включает в себя широкий спектр детских секций. Спортивный комплекс состоит их трех больших залов и трех малых залов. Предусмотрены смотровые площадки для обзора юных спортсменов во время соревнований.

«*В жизни наших детей спорт имеет очень большое значение. Чтобы достичь достижений в спорте необходим оборудованный зал. Мы очень рады, что теперь имеем возможность заниматься гимнастикой в новом, оснащённом комплексе. Это пропаганда здорового образа жизни. Важно, чтобы каждый ребенок города имел возможность заниматься спортом круглый год*», – говорит гостья, мама КМС по художественной гимнастике Айгерим Джанабилова.



«Мы как казахстанцы, как граждане, должны постараться добиться, чтобы в каждом дворе был спортклуб, секции, где наши дети могли бы заниматься спортом, искусством. Нам надо к этому стремиться всей страной. Чтобы наших спортсменов знали еще больше, и наша страна процветала», – Чинара Бугимбаева.

Родители детей отметили, что в здании находится столовая, где можно всегда быстро перекусить или пообедать по-домашнему между уроками в школе и занятиями в спорткомплексе.

«Это очень удобно, особенно, когда ребенок занимается в нескольких секциях. Почти нет времени забегать домой на обед. Также радует то, что здесь представлены почти все виды детского спорта. Можно найти увлечение по душе в одном клубе», – говорят родители.

В программе спорткомплекса также предусмотрены льготные абонементы для многодетных семей. В дальнейшем руководство спорткомплекса «Алан» планируют запускать и другие социальные проекты совместно местными исполнительными органами и другими партнерами.

Ш. ХАМИТОВ.

ГОСПОШЛИНЫ

Ставки государственной пошлины за получение документов увеличились в Казахстане в связи с изменением размера МРП, передает корреспондент МИА «Казинформ».

ПАСПОРТ И ВОДИТЕЛЬСКИЕ ПРАВА ПОДОРОЖАЛИ

В этом году месячный расчетный показатель для исчисления выплат равен 3450 тенге.

Так, размер госпошлины за выдачу документа, удостоверяющего личность, согласно Налоговому кодексу сейчас составляет 0,2 МРП, то есть 690 тенге. Паспорт обойдется дороже — 27 600 тенге.

Срок выдачи паспорта и удостоверения личности не превышает 15 рабочих дней с момента подачи заявления, но с возможностью платно ускорить процесс вплоть до 1 рабочего дня. Срок действия составляет 10 лет, после чего необходимо произвести замену.

Таким образом, с начала 2023 года ставки госпошлины выглядят так:

- удостоверение личности 0,2 МРП — 690 тенге;
- паспорт 8 МРП — 27 600 тенге;
- водительское удостоверение 1,25 МРП — 4 312 тенге;
- свидетельство о браке 1 МРП — 3 450 тенге.

При повторной выдаче 0,5 МРП — 1 725 тенге;

- госпошлина при подаче на развод 2 МРП — 6 900 тенге;
- свидетельство о рождении выдается бесплатно. Но при изменении, дополнении, исправлении и восстановлении записи акта надо внести 0,5 МРП — 1 725 тенге.



PR-менеджер филиала госкорпорации «Правительство для граждан» по городу Алматы Жаныл Апетова сообщила, что популярными государственными услугами через ЦОН остаются выдача удостоверений и паспортов. По ее словам, в прошлом году по Алматы документировались 368 127 человек. С начала года уже около 7 тысяч человек обратились за новыми удостоверениями и паспортами.

ПРОИСШЕСТВИЕ

СТРОИТЕЛЬНЫЙ КРАН УПАЛ НА ВНЕДОРОЖНИК

Строительный кран упал на автомобиль марки «Лексус 470» в Кокшетау, в результате происшествия никто не пострадал, передает корреспондент Sputnik Казахстан.



«*16 января около 14.00 часов по улице Буденного на автомашину марки "Лексус 470" под управлением водителя 1967 года рождения упал строительный кран Камаза. Грузовиком управлял водитель 1962 года рождения, он двигался навстречу в восточном направлении*», - отметили в пресс-службе департамента полиции Акмолинской области.

По информации ведомства, внедорожнику нанесены механические повреждения.

Водитель автомашины марки «Камаз» привлечен к административной ответственности по статье. Ему грозит штраф в размере 20 МРП или лишение права управления транспортом на срок до шести месяцев.

Бейсенбі - Четверг, 26 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН
06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Апта»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР
05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00, 23.00 Сериал«Сезон дождей»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
22.00 «Бозторғай»

АСТАНА
06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Тағдыр талқысы»
12.00 «Айнұрдың арманы»
12.40 «Почти мачо»
14.40 «Практика»
17.00 «Қош келдіңіз»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее расскаяние»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ
06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/женское»
12.20 «Заколдованный участок»
13.15 «Татьянин день»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.30 «Нулевой пациент»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК
07.30 «Әулеттер тартысы»
08.50 «Інжу»
09.40 Вечерние новости
10.10 «Ф.И.Л.И.Н.»
11.00, 23.40 «Подражатель»
13.00, 21.40 «Город невест»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
01.30 «Другие»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Құпия құжат»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Эко-рейд»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Жүрек сөзі»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ
06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Ризамын»
08.00 Мультсериал
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 Т/х «Төтенше жағдай»
11.30 «31 әзіл»
13.00 Мультфильм
14.40 Кино «Розовая пантера-2»
16.20 Кино «Между небом и землей»
18.20 «Противостояние»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.55 «Заложник»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What s upp?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Әкесінің баласы»
07.40, 01.30 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 «Доктор Надежда»
10.40, 19.30 «Отражение радуги»
12.30 «Изоляция»
13.00, 22.10 «Шабдалы 18»
14.15 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Сержан братан»
00.00 «Полицейский с рублевки».
02.00 Жайдарман
02.10 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 27 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 02.25 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Жүректегі күз»
11.05,19.00 «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен...»
15.10 «Бірегей»
16.00 Т/х «Айман- Шолпан»
17.15, 01.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 «Көңіл толқыны»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»
01.05 «Өмір көркем»

ХАБАР
05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 «Covershow»
12.00, 20.00 Т/х «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «Сезон дождей»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
18.15 Ток шоу «Итоги»
19.00 «Қорытынды жаңалықтар»
19.15 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 Т/х «Бозторғай»
23.00 Мегахит «Пятнадцать минут войны»

АСТАНА
06.00 Т\х «Әйел тағдыры-3»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Тағдыр талқысы»
12.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
13.30 «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50, 01.00 Сериал «Практика»
17.20 «Бақыт құшағында»
18.00 «Кішкентай келін»
19.00, 00.00 Сериал «Позднее расскаяние»
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Ең алғашқы»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Казахстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 «Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/ женское»
12.25 Х/ф «Орлинская. Тайна венеры»
13.15 «Татьянин день»
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.50 Х/ф «Там, где не бывает снега»
01.25 Х/ф «Приворот. Черное венчание»
02.50 Новости
03.00 «Жаңалықтар»
03.05 «Көреміз»
03.50 «Басты жаңалықтар»
04.15 «П@утина»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әулеттер тартысы»
08.30 «Қиын шақ»
09.30 «Вечерние новости»
10.10 «Ф. И. Л. И. Н» детектив
11.00 «Подражатель»
13.00 «Город невест»
15.00 «Другие»
17.00 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 «КТК web»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Золотая кровь. Чертолье. Чертов кистень» мелодрама
01.00 «Другие» мелодрама
01.50 «Бақытты аңсағандар»
03.05 «Дау-дамайсыз»
03.30 «КТК web»
03.50, 04.20 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Ел қамы»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Жанашыр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Шашу»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» (Қонаев)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «AgroLife»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ
05.58 ҚР әнұраны
06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
07.50 М\с «Панда мен Лута»
08.30 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп all»
10.00 Сериал «Листопад»
11.00 Т/х «Төтенше жағдай»
11.30, 00.30 «31 әзіл»
12.00 М\с «Маша и медведь»
13.40 Х/ф «Между небом и землей»
15.40 Х/ф «Заложник»
17.50 Х/ф «Случайный шпион»
20.00 Информбюро
21.00 «Жапырақтар төгілгенде»
21.50 Х/ф «Джек Ричер»
01.00 Сериал «Анупама»
01.40, 04.30 «Whats up?»
03.50 1001 әзіл
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30, 23.20 Т\х «Тек қана қыздар»
07.40, 12.40 Т/Х «Изоляция»
08.10, 01.30 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 «Гадалка»
09.40, 17.30 Сериал «Доктор Надежда»
10.40 Сериал «А у нас во дворе»
13.10, 22.20 Т/х «Шабдалы 18»
14.10 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.10 Шоу «Ну-ка, все вместе»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 Х/ф «Марафон»
21.40 Т/Х «Сержан братан»
00.30 Сериал «Полицейский с рублевки»
02.15 Жайдарман
03.00 «Япыр-ай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 28 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 01.25 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 20.00, 00.55 «Ақпарат»
07.05 «Күміс көмей»
07.50 «Зинһар»
08.35 «Көңіл толқыны»
09.25 «Әйел әлемі»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
11.00, 19.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 М/ф «Гарфилд»
15.15 «Көңіл толқыны»
16.25 «Нартәуекел»
17.35 «Жайылым жерлер мәселесі» Арнайы жоба
20.30 «Махаббатым» концерт
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.30 «Көкжалдар»

ХАБАР
05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «Махаббат қаласы»
08.00 «Көмбе»
08.40 «Дарын»
09.30 «Спорт әлемі»
10.00 Мегахит «Пятнадцать минут войны»
12.00 М\ф «Король сафари»
13.25 М\с «Алиса и Льюсис»
14.00 Т/х «Келінжан-3»
17.00 «Маска»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Бұл осылай болған еді...»
22.15 Мегахит «ХАОС»

АСТАНА
06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Тағдыр талқысы»
12.00 «Шаншар»
15.00,01.15 Х/ф «Балуан Шолақ»
17.20 Х/ф «Дабл трабл»
19.00 «Жұлдызбысың»
20.00 «Сараптаймыз»
23.30 Х/ф «загадай желание»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той БАЗАР»
07.20 «П@утина»
08.10 «Поехали»
09.00 Х/ф «Проуют»
09.55 Х/ф «Китайская бабушка»
11.35 Сериал «Там, где не бывает снега»
15.05 Сериал «Норвег»
18.30 «Айна»
19.00 «Х фактор»
20.55 Сериал «Мачеха»
23.00 «Х-фактор»
23.35 «Мачеха»
01.00 Ночной кинотеатр«Последний вагон. Весна»
02.45 «Что?Где? Когда?»
03.45 «Паутина»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Озат отбасы»
07.50 «Қиын шақ» Т/х
08.45 «КТК веб»
09.10 «Вечерние новости» (повтор)
09.50 «Юмориа»
12.00 «Золотая кровь. Чертолье. Чертов кистень» криминальная драма
15.20 «Көріпкел»
17.10 «Корзина для счастья» мелодрама
21.00 «Любовь с ароматом кофе» мелодрама
00.30 «Другие»
02.10 «Көріпкел»
03.25, 04.20 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «AgroLife»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «ЖасLife»
13.30 «Шашу»
14.30 «Бүгін» (Қонаев)
15.00 «Әндер мен жылдар» концерті
17.00 «Шашу»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Ділмар»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Безбен»
19.40 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
22.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00, 02.30 Тамаша лайф
08.00 «Күліп ALL»
09.00 М/с «Маша и медведь»
10.00 «Алдараспан»
12.00 «Фархад пен Шырын»
14.00 Фильм «Фердинанд»
16.00 «Джек Ричер»
18.40 «Джек Ричер-2: Никогда не возвращайся»
21.00 «Тор»
23.10 «Біздің шоу»
01.00 «Whats up?»
01.30 «31 әзіл»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 Қуырдақ
07.00, 02.20 «Жайдарман»
08.30, 02.00 «Алло, бұл кім?»
09.00 «Гадалка»
09.30 Шоу «Ну-ка, все вместе»
11.10 Сериал «Свадебные хлопоты»
14.40 Т/х «Пәленшеевтер»
17.40 Т/х «Сержан братан»
21.00 Шоу «Маска»
00.00 Х\ф «Марафон»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жексенбі - Воскресенье, 29 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 02.20 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00 «Дәуір даналары»
07.50, 01.50 «Күй-керуен»
08.20, 01.30 «Ақсауыт»
08.45 Меломен концерт
10.00Т/х «Жүректегі күз»
11.00, 18.00 «Махаббат тұтқыны»
12.00 М\ф «Гарфилд»
13.10 «Махаббатым» ән кеші
15.00 көркем фильм «Көкжалдар»
16.35 «Көңіл толқыны»
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.55 «Нартәуекел»
22.30 Т\х «Бауырлар»
23.30 «Көңіл толқыны»
00.40 «Апта»

ХАБАР
05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Қызық таймс
06.00 Концерт «Жан сырым»
07.45 «Әке бақыты»
08.45 «Балақай»
09.30 «Спорт тайм»
10.00 Мегахит «ХАОС»
12.00 М/ф «Ловушка для приведения»
13.40 М/с «Алиса и Льюси»
14.00 Т/х «Келінжан-3»
17.30 Маска
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований
22.15 «Пуля»
00.00 «Культурный контекст»

АСТАНА
06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т\х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Тағдыр талқысы»
12.00 «Алдараспан»
15.25 «Құрақ»
18.15 Х/ф «Семья»
23.30 Х/ф «Дабл трабл»
01.10 «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той базар»
07.50 «П@утина»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Оазис любви»
10.50 «Қаймақ»
11.25 Сериал «Мачеха»
14.55 «Х-фактор»
17.10 Х/ф «Сын»
18.55 «Добрый вечер, Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.00 «Прошлому меня не сломить» Многосериный фильм
00.55 «Поем на кухне всей страной»
02.35 «Той базар»
04.00 «П@утина»

КТК
07.00 ҚР әнұраны
07.05 «Әндер мен жылдар»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Қиын шақ»
10.10 «Юморина»
12.00 «Любовь с араматом кофе»
15.20 «Көріпкел»
18.20 «Шәмші әндерінің кеші»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «След тигра» кино
23.40 «Другие»
01.30 «Көріпкел»
03.00, 04.30 «Әндер мен жылдар»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Безбен»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 Д/ф «Мен ежелгі мәдениет куәгерімін»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Құпия құжат»
13.30 «Шашу»
14.30 «Ділмар»
15.00 К/ф «Астыртын» 2
16.40 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Жүрек сөзі»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 Д/ф «Кең ауқымда»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Ән тыңдайық»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
07.00, 23.00, 01.00, 05.30 Whats up?
08.00, 02.00 Тамаша лайф
09.00 «Телебинго»
09.30 Кино «Фархад пен Шырын»
11.30, 00.00,05.00 «31 әзіл»
12.00 М/ф «Маша и медведь»
13.00 Х/ф «Фердинад»
15.00 «Джек Ричер-2: никогда не возвращайся»
17.20 «Тор»
19.30, 20.00 «Спасатели Малибу»
20.00 «Миллионер каждую неделю»
22.00 «Алдараспан»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00 «Пәленшеевтер»
08.30, 00.40 «Алло, бұл кім?»
09.00 «Гадалка»
09.30 «Смеяться разрешается»
11.40 «Маска»
14.20 Т/х «Бастық боламын»
16.50, 01.00 «Алдараспан»
21.00 Сериал «Алиса против правил»
04.15 «Жеңіп көр»
05.00 «Қуырдақ»

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД
Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ-НЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ: КЕСТЕ БОЙЫНША ТҮСЕТІН ЖАРНАЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

2022 жылдың 1 желтоқсанына қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 14,4 трлн теңгеден асты. Жыл басынан бері зейнетақы жинақтарының өсімі 1,3 трлн теңгеден (немесе 10,2 %) артық көрсеткішке ие.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) жинақтар да шамамен тура осындай өсім – 9,9% немесе 1,2 трлн теңгені көрсетті. 1 желтоқсанға бұл шоттарда 13,9 трлн теңгеден астам қаражат жинақталған.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 11 айда 20,7% ұлғайып, шамамен 436 млрд теңге болды.

Жыл басынан бергі ең үлкен өсімді 94,5% – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетіп, ол 3,3 млрд теңгеден асты.

2022 жылғы 1 қаңтардан 1 желтоқсанға дейін зейнетақы жарналары түрінде ЖЗШ-ға 1,5 трлн теңгеден астам қаражат түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30% көп. Өсім жарналардың барлық түрлері бойынша орын алды: өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 29% (немесе 329,5 млрд теңгеге), МЗЖ – 39% (немесе 19,4 млрд теңгеге) ұлғайды. Ең көп өсім – 212% немесе 1,4 млрд теңге ЕЗЖ шоттарында орын алды.

Салымшылар мен алушылардың шоттарына таза инвестициялық табыс түрінде 777 млрд теңгеден астам қаражат түсті.

БЖЗҚ-дан төлемдер жыл басынан бері 1,1 трлн теңгеден асты. Төлемдердің басым бөлігін 902 млрд теңге мөлшеріндегі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЖТ). Баламалы мақсаттарға берілетін төлем көлемі өткен жылмен салыстырғанда 58% төмендеді.

Жасы бойынша төлемдер 22,6% ұлғайып, шамамен 109 млрд теңге болды. Айта кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 29 876 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 707 326 теңгені құрады.

Сондай-ақ мұрагерлік бойынша төлемдер – 55,8 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 45,3 млрд теңге, мүгедектік бойынша төлемдер – 2,2 млрд теңге, жерлеуге төлемдер – 4,9 млрд теңге. Сақтандыру ұйымдарына шамамен 23,2 млрд теңге аударылды.

2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12,1 млн бірлік болды. Оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша – 10,9 млн бірлік, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша шоттар саны – 592 250 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары есебі бойынша 356 116 ЖЗШ ашылды.

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІН АЛУ ҮШІН ӨТІНІШ БЕРМЕГЕН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ХАБАРЛАМА ЖІБЕРДІ

БЖЗҚ зейнеткерлік жасқа толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ, зейнетақы төлемдерін алу үшін Қорға жүгінбеген қазақстандықтарды мақсатты түрде хабардар етті.

Жоғарыда хабарланғандай, БЖЗҚ жыл сайын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен (Мемлекеттік корпорация) бірлесіп, зейнеткерлік жасқа толған және Қорда зейнетақы жинақтары бар, бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алатын, бірақ, зейнетақы жинағы есебінен берілетін төлем үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген адамдарды анықтау тұрғысынан салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Аталған санаттағы тұлғаларға мемлекеттік корпорация SMS-хабарламалар жібереді. Онда зейнетақы жинақтары есебінен төлемдер алуға белсенді форматта келісім беруді ұсынады. Естеріңізге сала кетейік, осы уақытқа дейін жүргізілген жұмыс нәтижесінде 8 мыңға жуық адам БЖЗҚ-дан төлемдерді белсенді форматта ала бастады.

БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдерін алу үшін жүгінбеген тұлғаларды анықтау бойынша жұмыс жалғасуда. Қор бұрын жүгінбеген алушыларға, қажетті мәліметтері болған жағдайда, электрондық пошта мекенжайына хат немесе sms-хабарлама жіберуде.

БЖЗҚ ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдар Қордан зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екенін еске салады. Осыған орай, Қор азаматтарға зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне уақытылы жүгінуге кеңес береді. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап тағайындалады және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Толық ақпаратты 1418 тегін нөмірі немесе БЖЗҚ кеңселерінен алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ХӘҚҚ ЕУРОПАЛЫҚ ЖЕЛІСІ (IEN) БАСҚАРУШЫ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕСІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы (ХӘҚҚ) 1927 жылы Халықаралық еңбек ұйымының қолдауымен құрылды және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік мекемелерді, ұйымдар мен ведомстволарды біріктіретін халықаралық жетекші ұйым болып табылады. Ұйымның штаб-пәтері Женева қаласында (Швейцария) орналасқан, оған әлемнің 150 елінде 320-дан астам мүшелік ұйым тіркелген. БЖЗҚ 2015 жылғы 1 мамырдан бастап ХӘҚҚ-ға мүше.

2022 жылдың қазан айында өткен дүниежүзілік ХӘҚҚ форумында «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Бостанұлы Құрманов 2023 жылдан 2025 жылға дейінгі үш жылдық кезеңге ХӘҚҚ Еуропалық желісінің (IEN) Басқарушы комитетінің мүшесі болып тағайындалды. Келесі күні бұл мәртебенің құжаттық растамасы келіп түсті.

IEN басқару комитеті ХӘҚҚ мүше елдердің еуропалық ұйымдарының бас директорларынан тұрады. Комитет еуропалық аймақта ХӘҚҚ іс-шаралар бағдарламасын жүзеге асыру бойынша қоғамдық жұмыстармен айналысады. Оның қызметі Еуропадағы қатысушы ұйымдар арасында тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Оны IEN Хатшылығы мен ХӘҚҚ Бас хатшылығы бірлесіп қолдайды.

Басқару комитеті IEN іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру бойынша ұсыныстар береді. Ұйым мүшелерін ХӘҚҚ Бюросының қазіргі мүшелері тағайындайды.

IEN еуропалық қатысушы ұйымдардың басым тақырыптары бойынша іс-шаралар ұйымдастырады. Олардың негізгі бағыты заманауи интерактивті әдістемелерді қолдана отырып, тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған.

МАМАН МІНБЕРІ

МАТЕМАТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Математиканың нақты ғылымдар саласында алатын орны орасан зор. Математика – ғылымдардың іргетасы.

Математикасыз физика, химия, тіптен биология салаларын елестету мүмкін емес. Математиканы кез келген ғылым саласына енгізсеңіз, оған жан бітіп, бойына қан жүгіреді. Ол бізді қоршаған ортаны танып – білуге, заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстардың сипатын математика тілі арқылы моделін құрып, болашақтағы құбылыстың күйін болжай аламыз. Математикалық есептердің қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, жан бітіп, іске асуын кез келген жерден көре аламыз. Мысалы, біз күнде мініп жүрген көлік, компьютерлер, ұялы телефондар, тіпті біз тұрып жатқан зәулім үйлерді де айтуға болады. Құрылыс пен сәулет өнері адамның алғаш пайда болуынан басталған көне кәсіп. Ғасырлар ауысса да ол бізбен бірге дамып, жетілуде. Құрылыс саласының өзіне тән ережесі, тәртібі және нормативтік құжаттары болады. Соған сәйкес әрбір құрылысшы кірпішті қалай қалау керек, оның нормасы қандай болады деген сияқты құрылыс технологиясын меңгеруі қажет. Сондай-ақ жобаны оқи білуі керек. Бір нысан мен екінші бір нысанның ерекшелігін білу, технологияны, адамды орнымен пайдалану, алған білімді тиімді жұмсай білу, дәл, нақты есептей білу керек. Яғни математикадағы масштабты жақсы түсініп, оны практикада қолдана білу қажет. Медицина мен денсаулық сақтау саласында да көптеген есептеулер жүргізіледі. Мәселен, медициналық құрылғыларды жасау барысында адам денсаулығына зиян келмес үшін математикалық есептеулер жүргізіледі. Тіптен ауа райын зерттеудің өзі математикалық моделсіз жүзеге асырылмайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, математикалық есептеулердің арқасында, бүгінгі технологияларға қол жеткізіп, қауіпсіз үйлер салып, ғарышты зерттеп, мәдениетімізді дамытудамыз. Математикалық есептеулерсіз әлем тіптен басқаша болар еді.

Нұраш ҚАСЕНОВА,
Екіаша орта мектебінің
математика пәнінің мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУШЫ ОЙЫ

Қазақ дейтін тұғыры биік, тарихы мол халықтың бойында батырлығы басым, рухты азаматтары елі үшін еңбек еткенін сонау тарих беттерінен білеміз. Сол ұлы тұлғалардың қатарына Әбіш Кекілбаев атамызды зор мақтанышпен жатқызған болар едім.



Өзінің туған жеріне қызмет еткен жандар көп. Сондай адамның бірі, үлгі тұтар ардақты атам – Бидайбеков Алтынбек Бидайбекұлы. Көксу жері үшін мол еңбек сіңірген, еліне елеулі, халқына қалаулы жан еді.

ӨРНЕКТІ СӨЗДІҢ ШЕҢБЕРІ

Қазақ әдебиетінің әлем кеңістігіне танылуына зор үлес қосып, даму жолында қажырлы еңбек сіңірген Әбіш Кекілбаевтың дара жолы – біз үшін тағылым мектебі. Балалық арманын мақсатына айналдыра білген жазушы талмай еңбектеніп, зор ізденісте ғұмыр кешті. Соның нәтижесі жазушының «Шандоз», «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-Алаң» шығармаларынан айқын көрініс табады.

Әбіш Кекілбаев атамыз таза суреткер ретінде қазақтың көркем прозасының адамгершілікке суарылған туын қадап кетті. Тұлғаға тән терең тағылым мен түсінік танытқан жазушы әдебиет айдынында тұсау көрмеген жүйріктей жүйткіді. Оның кең ойлана алатын суреткерлігі «Күй», «Бәйгеторы», «Шыңырау», «Бәсеке», «Ханша дария хикаясы», «Құс қанаты», «Бір шоқ жиде» шығармалары арқылы ұрпақтың мәңгі жадында деп ойлаймын.

Ақын Тұманбай Молдағалиев айтқандай, Әбіш – шоқ жұлдыз. Ал жұлдыз бір ғана қасиетімен танылмайды. Сыншы, публицист, тарихшы, саясаткер, қоғам қайраткерінің саналы ғұмырында жазушылық қырымен зор құрметке ие болып, биікке шығуы – оның өміріндегі үлкен жетістігі.

Оқырманның жүрек түкпірінен орын алып, рухани азық сыйлап, жаңашылдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді дәріптей алған, Әбіштей рухты ердің ұлы жолын жалғастыру – жас ұрпақтың еншісінде.

Қымбат ЕЛТАЙ,
Жетісу орта мектебінің 9-сынып оқушысы.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ

АТАМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ

Алтынбек Бидайбеков 1944 жылы 15 маусымда Науатоған ауылында дүниеге келген. Көксу ауданы, Айнабұлақ орта мектебін үздік оқып бітірген соң, Көксу ауыл шаруашылық техникумын механик мамандығы бойынша тәмамдап, жолдама бойынша екі жыл Қарағанды облысында қызмет атқарған. Кейіннен ауылға оралған атам машина-трактор шеберханасының меңгерушісі, кейін бас инженер-механик болып қызмет етеді.

Алматы халық шаруашылығы институтын сырттай оқып бітіріп, экономист қызметін атқарды. 1980 жылы Көксу аудандық партия комитеті атамды аудандық агроөнеркәсіп бірлестігіне (аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы) бас бухгалтерлікке ұсынды. Бұл қызметті сегіз жыл атқарып, аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігіне басшы болып тағайындалды. Бұл қызметті мекеме тарағанша басқарды. 2000 жылы аудандық ауыл шаруашылығы қоры ұйымдастырылғанда қордың директоры қызметінде еңбек етті.

Атам қандай қызмет атқармасын тиянақты, тындырымды, абыройлы қалыбынан айнымаған. Өзі туған Алғабас ауылында жүргенде колхоз көркемөнерпаздар үйірмесінің ең белсенді мүшесі болды. 2014 жылы «Көксу ауданының Құрметті Азаматы» атағымен марапатталды.

Нағашы атам ақ жаулықты апам екеуі отбасында екі ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған немерелерінің сүйікті әжесі мен атасы болды. «Елге сіңірген еңбек жақсы, еңбекті елеген ел жақсы» демекші, ардақты атамның есімі жастардың жадынан ешқашан ұмытылмайды.

Зере ҚУАТҚЫЗЫ,
Қ. Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының, 10-сынып оқушысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

ӘРКІМНІҢ АДАМГЕРШІЛІК МІНДЕТІНЕ АЙНАЛСА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЗАМАН АҒЫСЫМЕН БІРГЕ ӨСІП-ӨРКЕНДЕП, МОЛ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ПАЙДА БОЛҒАН ЖЕРЛЕРГЕ ТАМЫРЫН ЖАЙЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖОЙЫЛМАЙ ОТЫРҒАН КЕСЕЛДІҢ БІРІ.



Сыбайлас жемқорлық әдетте күшті әрі зиянды жағынан кез келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына әсерін тигізеді. Мемлекетімізде бірегейлі өзекті мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып отыр. Сыбайлас жемқорлық тек қана Қазақстанды ғана емес, әлемнің басқа да елдерін толғантқан мәселелердің бірі. Қазақстан 2030 – даму стратегиясында көрсетілген сыбайлас жемқорлықпен күресу іс-шаралары құқықтық мемлекеттің пайда болуы мемлекеттік Қазақстанның қызметінің жаңашылдануымен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде мемлекетімізде бұл жағымсыз кеселмен ымырасыз күрес жүргізудің пәрменді шаралары қабылданып, сыбайлас жемқорлық түріндегі қылмыстық істермен табысты күрес жүргізу үшін сыбайлас жемқорлық түріндегі қылмыстардың мәні мен түрін теория бойынша да, әсіресе тәжірибе жүзінде де анықтауға айрықша маңыз беріліп, сонымен бірге бұл қылмыстардың жасалуына көмекші болған жағдайларды және оның себептерін ашуға да баса назар аударылуда. Соның нәтижесінде, жыл өткен сайын статистикаға қарасақ, сыбайлас жемқорлық қылмысымен қолға түсіп, тиісті жазасын алып жатқандар қатары арта түсуде. Мұның өзі аталған қылмыспен күрестің нәтижелі бола түскендігінің айқын айғағы.

Дегенмен өтпелі кезеңнің ауыр жылдарында қоғамымызға дендеп еніп, белең алған бұл дертті жою оңай емес. Сондықтан сыбайлас жемқорлық деректері елімізде түпкілікті жойылмай келеді. Бұл жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде өткізген кеңесте бұл әлеуметтік кеселмен ымырасыз күрес жүргізу қажеттігі жайлы қадап айтқан еді. Атап айтқанда: *«Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде»,* – деді Президент.

Сондықтан қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы және әркімнің адамгершілік міндетіне айналса, нұр үстіне нұр болары анық. Осылайша, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықпен күреске барша жұрт атсалысқанда ғана жұмыс нәтижелі болып, сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ болары даусыз.

Айдын АЛДАБЕРГЕНОВ,
Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы.

БІЛІМ

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢАША ОҚЫТУ

Еліміздегі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді.

XXI ғасырда адамдар жаңа технология тасқынының куәгері болды. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдарын, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ойөрісіне әсерін тигізді.

Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр: білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану, электрондық оқулықтар, мультимедиялық, телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару. Ол жас буынды жаңашылдыққа жетелеу деген сөз. Жаңашылдық білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару.

Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады. Информатика пәні мұғалімі әрбір сабақта дидактикалық принциптерді назардан тыс қалдырмауы тиіс. Оқушы білімінің қалыптасуы қашанда мұғалімнің сабақты ұйымдастыра білуіне, жаңа материалды жүйелі түрде баяндауда әр түрлі әдістерді қолдана отыра жеткізілуіне байланысты.

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялар мен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді.

Дулат ДУАНОВ,
«Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ нформатика пәнінің мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

БжЗк

КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЕНПФ НА 1 ДЕКАБРЯ 2022 ГОДА: УВЕЛИЧЕНИЕ ОБЪЕМА ПОСТУПАЮЩИХ ВЗНОСОВ И ВЫПЛАТ ПО ГРАФИКУ

Более 14,4 трлн тенге составили пенсионные накопления казахстанцев по состоянию на 1 декабря 2022 года. При этом с начала года этот показатель увеличился более чем на 1,3 трлн тенге (или 10,2%).

Примерно такой же прирост – 9,9% или 1,2 трлн тенге продемонстрировали накопления на индивидуальных пенсионных счетах (ИПС) по обязательным пенсионным взносам (ОПВ). На 1 декабря на этих счетах накоплено более 13,9 трлн тенге.

Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила порядка 436 млрд тенге, увеличившись за 11 месяцев на 20,7%.

Наибольший прирост – 94,5 % с начала года – продемонстрировали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), которые превысили 3,3 млрд тенге.

Более 1,5 трлн тенге поступило на ИПС в виде пенсионных взносов с 1 января до 1 декабря 2022 года. Это на 30% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Рост произошел по всем видам взносов: по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 29% (или на 329,5 млрд тенге), ОППВ – на 39% (или на 19,4 млрд тенге), наибольший прирост – 212% или 1,4 млрд тенге – произошел по ДПВ.

Более 777 млрд тенге поступило на счета вкладчиков и получателей в виде чистого инвестиционного дохода.

Выплаты из ЕНПФ с начала года превысили 1,1 трлн тенге. Большую часть выплат по-прежнему составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – 902 млрд тенге. Объем выплат на альтернативные цели по сравнению с прошлым годом снизился на 58%.

Выплаты по возрасту увеличились на 22,6 % и составили порядка 109 млрд тенге. Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 29 876 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты 707 326 тенге.

Также осуществлены выплаты по наследству - 55,8 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 45,3 млрд тенге, выплаты по инвалидности – 2,2 млрд тенге, выплаты на погребение – 4,9 млрд тенге. В страховые организации переведено порядка 23,2 млрд тенге.

Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 декабря 2022 составило 12,1 млн единиц, 10,9 млн - по обязательным пенсионным взносам. Количество счетов по ОППВ по состоянию на 1 декабря 2022 года составило 592 250 ед., 356 116 ИПС открыто по учету ДПВ.

ЕНПФ ОПОВЕСТИЛ ПЕНСИОНЕРОВ, НЕ ОБРАТИВШИХСЯ ЗА ПЕНСИОННЫМИ ВЫПЛАТАМИ

ЕНПФ провел таргетированное оповещение казахстанцев, достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, но не обратившихся за пенсионными выплатами в ЕНПФ.

Как уже сообщалось, ЕНПФ ежегодно совместно с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» (Государственная корпорация) проводит сверку на предмет выявления лиц, достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ, при этом получающих пенсионные выплаты по возрасту за счет бюджетных средств, но не обратившихся за выплатой в ЕНПФ.

Указанной категории лиц Государственная корпорация направляет sms-сообщения, где предлагает в проактивном формате дать согласие на получение выплат за счет пенсионных накоплений. Напомним, что порядка 8 тысяч граждан уже начали получать выплаты из ЕНПФ в проактивном формате.

Работа по выявлению не обратившихся лиц за пенсионными выплатами в ЕНПФ продолжается. ЕНПФ направил получателям, ранее не обратившимся в ЕНПФ, при наличии соответствующих сведений sms-сообщения или уведомления на адрес электронной почты.

ЕНПФ напоминает о том, что согласно Закону Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» лица, достигшие пенсионного возраста и имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, вправе получать пенсионные выплаты из ЕНПФ. В связи с чем, рекомендует своевременно обращаться в подразделения Государственной корпорации по месту жительства для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста. Отмечаем, что пенсионные выплаты из ЕНПФ назначаются со дня обращения и осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

Подробную информацию можно получить по бесплатному номеру 1418 или в офисах ЕНПФ.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ АО «ЕНПФ» НАЗНАЧЕН ЧЛЕНОМ РУКОВОДЯЩЕГО КОМИТЕТА ЕВРОПЕЙСКОЙ СЕТИ МАСО (IEN)

Международная Ассоциация Социального Обеспечения (МАСО) основана в 1927 г. под эгидой Международной организации труда и является ведущей международной организацией, объединяющей государственные учреждения, организации и ведомства в сфере социального обеспечения. Организация насчитывает свыше 320 членских организаций в 150-и странах мира со штаб-квартирой в г. Женева (Швейцария). ЕНПФ является членом МАСО с 1 мая 2015 года.

На всемирном форуме МАСО в октябре 2022 года Председатель Правления АО «ЕНПФ» Курманов Жанат Бостанович назначен членом Руководящего комитета Европейской сети МАСО (IEN) на трехлетний период с 2023 по 2025 годы. На днях поступило документальное подтверждение этого статуса.

Руководящий комитет IEN состоит из Генеральных директоров европейских организаций стран-участниц МАСО. Комитет занимается общественной работой по реализации программы мероприятий МАСО в европейском регионе и его деятельность направлена на расширение возможностей обмена опытом между организациями-участницами в Европе и поддерживается совместно Секретариатом IEN и Генеральным секретариатом МАСО.

Руководящий Комитет предоставляет рекомендации по планированию и реализации мероприятий IEN. Члены организации назначаются действующими членами Бюро МАСО.

IEN организует мероприятия на приоритетные темы европейских организаций-участниц, основной фокус которых направлен на увеличение возможностей по обмену опытом с применением современных интерактивных методологий.

ЗАКОН

ЯЗЫК УГОЛОВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

ПРИНЦИП ЯЗЫКА УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА В КАЗАХСТАНЕ ПРЕДУСМАТРИВАЕТ ПОЛИЯЗЫЧНОСТЬ ПРОИЗВОДСТВА ПО УГОЛОВНЫМ ДЕЛАМ. ЕЕ ОСНОВОЙ ЯВЛЯЮТСЯ НЕСКОЛЬКО КОНСТИТУЦИОННЫХ ПОЛОЖЕНИЙ. ТАК, КОНСТИТУЦИЯ КАЗАХСТАНА ДОПУСКАЕТ БИЛИНГВИСТИЧНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОФИЦИАЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ, В КОТОРЫХ ИСПОЛЬЗУЮТСЯ В РАВНОЙ СТЕПЕНИ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ И ОФИЦИАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫКИ. ТАКЖЕ ЗАПРЕЩЕНО НАРУШЕНИЕ ПРИНЦИПА РАВЕНСТВА ПЕРЕД ЗАКОНОМ И СУДОМ, В ТОМ ЧИСЛЕ ПО МОТИВАМ НАЦИОНАЛЬНОСТИ И ЯЗЫКА. ВМЕСТЕ С ТЕМ, ПРИЗНАЮТСЯ СВОБОДА НАЦИОНАЛЬНОЙ САМОИДЕНТИФИКАЦИИ И ВЫБОРА ЯЗЫКА ОБЩЕНИЯ И ПРАВО ПОЛЬЗОВАНИЯ РОДНЫМ ЯЗЫКОМ.

Учитывая эти принципы уголовное судопроизводство в Республике Казахстан ведется на казахском языке, наравне с казахским официально в судопроизводстве употребляется русский язык, а при необходимости и другие языки. Орган, ведущий уголовный процесс, при необходимости ведения дела на русском или других языках выносит мотивированное постановление об изменении языка судопроизводства.

Участвующим в деле лицам, не владеющим или недостаточно владеющим языком, на котором ведется производство по делу, разъясняется и обеспечивается право делать заявления, давать объяснения и показания, заявлять ходатайства, приносить жалобы, знакомиться с материалами дела, выступать в суде на родном языке или другом языке, которым они владеют, бесплатно пользоваться услугами переводчика в порядке, установленном настоящим Кодексом. Совмещение судьей, прокурором, следователем, дознавателем функций переводчика является существенным нарушением закона о языке судопроизводства и недопустимо. Не должно иметь место привлечение в качестве переводчика лиц, привлекаемых за совершение ими административного, уголовного правонарушения к ответственности, а также отбывающих наказание.

В соответствии с законодательством участвующим в деле лицам, не владеющим или в недостаточной степени владеющим языком, на котором ведется производство по делу, обеспечивается право делать заявления, давать объяснения и показания, заявлять ходатайства, выступать в суде на родном или другом языке, которым они владеют. Следует иметь в виду, что к лицам, не владеющим или в недостаточной степени владеющим языком, на котором ведется судопроизводство, относятся лица, которые не понимают либо в недостаточной степени понимают речь на языке судопроизводства, не могут свободно выразить на этом языке свои мысли и мнения, а также испытывают другие затруднения при беседе, чтении текстов, даче ответов на вопросы, в устной и (или) письменной речи.

Участвующим в уголовном судопроизводстве лицам бесплатно обеспечивается перевод на язык уголовного судопроизводства необходимых им материалов дела, изложенных на другом языке. Участвующим в судебном процессе лицам безвозмездно обеспечивается перевод на язык судопроизводства той части судоговорения, которая происходит на другом языке.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

ГЕНДЕР

ВАЖНОСТЬ ДОСТИЖЕНИЯ ПОДЛИННОГО РАВЕНСТВА

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. Задачи гендерной политики достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностях для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье.

За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Особенно важным с точки зрения реализации политических прав казахстанских женщин является присоединение страны к Конвенциям ООН. В частности, страной ратифицированы основополагающие международные акты – Пекинская платформа действий по улучшению положения женщин, Конвенция ООН о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин, Конвенция о политических правах женщин, Конвенция о гражданстве замужней женщины, Конвенция МОТ о равном вознаграждении труда мужчин и женщин за труд равной ценности и др. В вопросах реализации гендерной политики Казахстан тесно сотрудничает с рядом международных организаций: с ЮНИФЕМ, ОБСЕ, Международной организацией по миграции (МОМ), ЮСАИД, Британским Советом и ПРООН. Достижения Казахстана в сокращении гендерного неравенства отмечаются экспертами ОЭСР во главе с Пинар Гювен, политическим аналитиком Дирекции ОЭСР по вопросам государственного управления и территориального развития. Казахстан присоединился к важнейшим Конвенциям и Декларациям ООН и других международных организаций по правам женщин, что способствовало улучшению ситуации в сфере реализации политических прав женщин, преодолению скрытой и открытой гендерной дискриминации. Также Казахстан подписал ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей.

В рамках реализации гендерной политики важная роль отведена гендерному образованию. В целях укрепления в общественном сознании важности достижения подлинного равенства мужчин и женщин во всех сферах жизнедеятельности общества через ведущие печатные и телевизионные средства массовой информации страны и социальные сети активно проводится информационно-разъяснительная, просветительская работа.

Между тем, несмотря на предпринимаемые государством меры в сфере обеспечения гендерного равенства, реализация гендерной политики в стране наталкивается на ряд сдерживающих факторов. В частности, свою актуальность сохраняют вопросы сокращения гендерного разрыва в оплате мужского и женского труда.

Гульнур ДЖОЛДАСОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЧЕМПИОНАТ

ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



«ТАЛДЫҚОРҒАН» ИППОДРОМЫНДА «ҚЫСҚЫ ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫНАН АШЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ. ДОДАҒА СПОРТТЫҢ ОСЫ ТҮРІМЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫН ӘУЕСҚОЙЛАРДАН БАСТАП, КӘНІГІ СПОРТШЫЛАРҒА ДЕЙІН ТҮГЕЛ ЖИНАЛДЫ.

Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен шарада жасөспірімдер арасында «Қысқы көңілді сөрелер» ұйымдастырылды.

Жарысқа 200-ден аса қала тұрғыны мен қонақтары қатысты. Сайыс жас ерекшелігі бойынша ерлер мен әйелдер арасында өткізілді. Атап айтсақ, ең жас қатысушы – 15 жастағы Бекарыс Базарбекұлы болса, ал ең үлкені 61 жастағы Мейрамбай Әбдісов болды. 2 шақырымға созылған ақтық сында шаңғышылар мәреге бір леппен жетті.

«Маған шаңғы спорты өте қатты ұнайды. Бұл спортпен айналысқаныма 3 жыл болды. Фестивальда жеңімпаздарды іріктеп, облыс атынан шығарады. Мен жеңімпаз атанып, қаланың намысын қорғағым келеді. Жарысқа қатысуымның себебі осы», – дейді жас шаңғышы Б. Базарбекұлы.

Шаңғы жарысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бағалы сыйлықтарымен, медальдарымен және дипломдарымен марапатталды. Сонымен қатар аталмыш шарада «Үздік ұжым» атанған қалалық №2 орта мектебі арнайы сыйлыққа ие болды.

Жарыс жеңімпаздары қаңтардың 26-29 күндері Сарқан қаласында өтетін облыстық жарыста Талдықорған намысын қорғайды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КӘСІПҚОЙ БОКС

ТҰҒЫРЫМЫЗ БИІК БОЛУҒА ТИІС ЕДІ

Егде тартқан жанкүйерлер өткен ғасырдың 80-жылдары шаршы алаңды шайқаған ағайынды Манкеновтерді ұмыта қоймаған болар. Бұл отбасынан төрт бірдей мықты боксшы шықты. Солардың арасынан Болат пен Азаттың шоқтығы биік болды. Болат – КСРО кубогінің қола жүлдегері, бірқатар бүкілодақтық жарыстың жеңімпазы. Азат – Қазақстанның бес дүркін чемпионы, жастар арасындағы КСРО біріншілігінің жүлдегері. Өмірбек пен Қайрат та қара жаяу емес еді. Білетіндердің айтуынша, олардың тұғыры бұдан да биік болуға тиіс еді. Бірақ сол кездегі содыр саясаттың салдарынан Манкеновтердің бағы байланды. Солақайымен шіреп тұрып ұрып, талай сақа спортшының сағын сындырған Болат пен болашақ әлем чемпионы Игорь Ружниковтің екі аяғын бір етікке тығатын Азаттың үлкен деңгейге жетуіне не кедергі болды? Бұл жайында бүгінгі таңда Қазақстанның кәсіпқой боксын қалай дамытсам деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Болат Тоқтарұлының өзі былай деп әңгімелейді:

Біз бұрынғы Семей облысының Жарма ауданында туып-өстік. Әкеміздің қызмет бабына байланысты кейіннен облыс орталығына қоныс аудардық. Сол жерде жүріп бокс әліппесін үйрендік. Біздің отбасымыз түгелдей боксшы десек, әсте мақтанғаным емес. Әуелі туған ағам – Өмірбек екеуміз спорт үйірмесінің табалдырығынан аттадық. Артымыздан ілесіп, Қайрат пен Азат былғары қолғап киді. Бәріміз иық тіресе жаттығып, азды-кемді табыстарға қол жеткіздік. Өмірбек Литвада өткен ауыл шаруашылығы саласындағы бүкілодақтық біріншілікте топ жарды. Қайрат республикалық «Еңбек» қоғамының жарысында жеңімпаз атанды. Азат – Қазақстанның бес дүркін чемпионы, жастар арасында КСРО бірінші лігінің жүлдегері, әскерилер арасында КСРО чемпионы. Мен де ел чемпионатында бес мәрте жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілдім. Бүкілодақтық жастар ойындарының жеңімпазы атанып, КСРО кубогі жолындағы жарыста қола медаль иелендім. Міне, шаршы алаңда біздердің қол жеткізген табыстарымыз осындай.

Қонақбаевты ерекше құрметтейтін

1982 жылы Минскіде бүкілодақтық жастар ойындары өтті. Сол жарыста бағым жанып, бас жүлдені жеңіп алдым. Өнерім бапкерлерге ұнаса керек, содан кейін КСРО құрамасының сапына еніп, оқу-жаттығу жиындарына шақырыла бастадым. Бұл жиындардың маған бергені көп. Мен секілді құрамаға күні кеше іліккен жас өрен үшін 15 республикадан келген ең таңдаулы 44 боксшымен иық тіресе жаттығу үлкен тәжірибе мектебі болды. Ең бастысы, шеберлігім шыңдалып, өзіме деген сенімім нығайды. Бір ғажабы, одақ құрамасының сапына енген 44 боксшының 19-ы, яғни 40 пайызы өз жерлестеріміз еді. Осы жағдайдың өзі Қазақстан боксының сол жылдардағы деңгейінің қаншалықты биік екенін көрсетсе керек.

КСРО құрамасының сапында болған жылдары әртүрлі адамдармен кездесудің сәті түсті. Талай білікті маманның ақылкеңесін естіп, даңқы алысқа жайылған боксшылардың көбімен араластым. Бұл бір естен кетпейтін уақыт еді. Алғаш рет мен осы ортаға қосылғанымда, командалық әріптестері Серік Қонақбаевты қалай құрметтейтінін көріп, қайран қалдым. Ол кезде құрама сапында Горстков, Заев, Лимасов, Рыбаков, Ягубкин, Акопкохян, Шишов, Мирошниченко сынды саңлақтар бар тұғын. Солардың әрқайсысы жеке-жеке тұлға бола тұра, Серікті бірауыздан мойындайтын. Тіпті құрама бапкерлері маңызды шешімдер қабылдайтын кезде команда капитаны әрі құраманың парторгы ретінде Секеңнің пікіріне құлақ асатын. Қазақтың бір азаматы осындай зор беделге ие болғанына мен іштей қатты риза едім.

Арада бір жыл өткеннен кейін Новороссийскіде өткен КСРО кубогі жолындағы бәсекеде «Динамо» клубының сапында өнер көрсету құрметіне ие болдым. Командалық есепте үшінші нәтиже көрсетіп, баршамыздың кеудемізде қола медаль жарқырады. Ал жеке өз басым барлық жекпе-жекте жеңіске жеттім. Жартылай финалда Еуропа чемпионы Анатолий Микулинді ұтып, финалда РСФСР-дің бірнеше дүркін чемпионы Эдуард Хусаиновтан айламды асырдым. Ол кездері 57 келі салмақ дәрежесінде Серік Нұрқазов пен Самсон Хачатрянның даңқы дүркіреп тұрған. Ресми халықаралық жарыстарға сол екеуі алма-кезек барып жүрді. Мен өз салмағымдағы үшінші нөмірлі боксшы ретінде Сирия, Германия, Румыния, Болгарияда өткен турнирлерге қатыстым.

Қазақтардың көптігі кейбіреулерге ұнамайтын

Қазақтардың құрамада көп болуы кейбір дөкейлер мен бапкерлерге ұнамайтын. Өйткені әркімнің бүйрегі өз қандасына бұратыны белгілі ғой. Ол кезде бапкерлер осындай әрекеттерге ашық бармаса да, астыртын жоспар арқылы спортшылардың сағын сындыратын. Мәселен, аса зор талант иесі Асылбек Қилымовтың бағын байлаған сол арамза ниетті бапкерлер еді. Қилымов халықаралық жарыстардың бірде-бірінде жеңілмеген. Оның соққысы аса қуатты болатын. Ол қорқу, қаймығу дегенді білмейтін. Сол әріптесіміздің салмағы 75 келі тартса да, бапкерлер оны үнемі әлдекайда еңселі боксшылармен спаррингке шығаратын. Ағзаға түскен ауыртпалық ақыры 23 жастағы Асылбекті бокстан қол үзуге мәжбүр етті. Бұл – бір ғана мысал. Осындай жағдайды бастарынан өткерген қандастарымыз аз емес. Оның үстіне, оқу-жаттығу жиындарында біз тату-тәтті болдық. Барлығымыз үнемі бірге жүретінбіз. Футбол ойнағанда алдымызға жан салмаймыз. Әр құраманы жеке-жеке ұтқан соң олар барлығы бірігіп, Қазақстанның боксшыларына қарсы шығады. Сонда да ұтылып қалады. Жалпы, біздің буын барлық жағынан мықты болатын. Бұл жағдай, әрине, көпшіліктің қызғанышын туғызды.

Біздің салмақта бәсекелестік күшті болды

Мен өнер көрсеткен 57 келі салмақта кілең ығай мен сығайлар жиналған еді. Самсон Хачатрянмен КСРО халықтары спартакиадасының ширек финалында жұдырықтастым. Екі раунд бойы ұтып тұрып, үшінші кезеңде тізгінді беріп қойдым. Төрешілер 3:2 есебімен армян боксшысының жеңгенін жария етті. Соның алдында ғана Самсон маған келіп, «Осы жолы қайсымыз жеңсек, сол алтын алады» деп айтқан болатын. Қарсыласым қателеспеген екен, спартакиаданың бас жүлдесі Хачатрянға бұйырды. Серік Нұрқазовпен ресми жарыстарда бірде-бір рет жолымыз қиысқан жоқ. Ал түрлі жиын барысында бірнеше рет спарринг өткізгеніміз бар. Мақтанбайақ қояйын, әйгілі Нұрқазовпен терезесі тең өнер көрсеттім. Жалпы, менің салмағымда есімдері аталған жігіттерден бөлек, Қайрат Тілеуленов, Жұматай Түсіпов, Елеусіз Дүйсеков, Александр Черепанов секілді сайдың тасындай жігіттер болған.

Тағы бір айтайын дегенім, тек менің ғана емес, туған бауырым Азаттың да тұғыры биік болуға тиіс еді. Оған менің де күмәнім жоқ. Азат болашақ әлем және Еуропа чемпионы Игорь Ружников пен КСРО чемпионы, КСРО халықтары спартакиадасының күміс жүлдегері Евгений Зайцевті бір мәрте емес, әрқайсысын үш реттен ұтқан. Оның бойында боксшыға қажетті қасиеттің барлығы болды. Бірақ амал нешік...

Әділетсіздіктің зардабын молынан тарттық

1983 жылы спорттағы жетістіктерім ескеріліп, Мәскеуден «Нива» көлігін кезексіз сатып алуға рұқсат келді. Менде ондай ақша қайдан болсын. Дереу әкеме хабарластым. Ол кезде әкей Семейдегі ОБХСС бастығының орынбасары қызметін атқаратын. Ата-ана, ағаіні, туған-туыс болып, біраз ақша жинадық. Жетпей қалаған қаражатты әкеммен жақсы араласатын емші досы қарызға берді. Бірақ жиған-тергеніміз бәрібір «Нивaға» жетпей, «Москвич» мәшинесін алуға тура келді. Алайда бұл қуанышымыз ұзаққа созылмады. «Шаш ал десе, бас алатын» қызылжағалылар тексеру жүргізіп, әкемді соттатып жіберді. Осылайша, бүкіл отбасымызбен ақ-қараны айырмайтын содыр саясаттың құрбаны болдық. Ал біздің төлқұжатымызға «шетелге шығуға болмайды» деген мөр басылғаннан кейін біздер үшін бокстың еш қызығы қалмады. Жарайды, Қазақстанды ұтармыз, одақ көлемінде жүлдеге ілігерміз. Бірақ біз боксқа осы белесті қанағат тұту үшін келген жоқ едік. Арманымыз асқақ болатын. Ал халықаралық ареналарға шығып, елдің елдігін көрсетуге жарамаған соң Манкеновтер үшін бұл өнердің мәні де, маңызы да жоғалды.

Көп кешікпей әскер қатарына шақырылдым. Алғашында Алматыдағы спорт ротаға түстім. Бір айға жуық уақыттан соң рапорт жазып, өз еркіммен Өскемендегі танк полкіне сұрандым. Бауырларым да спорттан қол үзді. Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеп келгеннен кейін бапкерлік кәсіппен айналыстым. Алатын еңбекақым мардымсыз болғандықтан, бауырларыммен бірігіп, жаз айларында құрылыс жұмыстарына жегілдік. Сөйтіп жан бақтық. Араға жеті жыл салып, әкеміз ақталып шықты. Ол кісі төрт жыл түрмеде отырды, екі жыл «химияда» болды. Ақыры әділдіктің туы желбіреп, құқық қорғау саласына қайта қызметке келді. Семей облысы криминалдық полициясының бастығы болды. Бірте-бірте біздің де тұрмыс жағдаймыз түзеліп, ел қатарлы өмір сүре бастадық.

Қара жұмыстан қашпадық

Әкем мен үшін – идеал. Ол кісі азапты молынан тартса да, өмірлік қағидатын еш өзгерткен жоқ. Бізге үнемі «Балаларым, қиындық көрсеңдер де, әділетсіздікке тап болсаңдар да, ең бастысы, адамгершілік қасиеттеріңді жоғалтпаңдар. Жарық дүниеге адам болып келген соң, адам секілді өмір сүріңдер», деп ақылын айтатын. Кей кезде «Сендердің бақтарыңды байладым-ау», деп күрсінетіні де бар еді. Ондайда біз «Әке, өкінетін жөніңіз жоқ. Керісінше, сіздің арқаңызда біз ерте есейдік. Достың кім, дұшпанның кім екенін ажырата білдік. Қиындыққа шыдадық, тағдырдың жазғанына мойынұсынбауды үйрендік», деп әкемізге тоқтау айтамыз. Бұл – жұбату сөзі емес, расында да солай. Қара жұмыс бізді ерте есейтті, ширатты. Қиыншылық көп нәрсеге көзімізді ашты. Сатқындықты көрдік, шынайы достықтың қадірін білдік.

Жалпы Семей өңірінде Тоқтардың төрт ұлы істемеген жұмыс жоқ-ау, сірә. Кейіннен осының барлығы өз пайдасын тигізді. Тіпті нарық заманы алқымнан алғанда, отбасымыз аса қинала қойған жоқ. Қандай іске болсын «Тәуекел!» дедік те білек сыбана кірістік. 1985 жылы ескі қазандық бөлмесін жөндетіп, бокс залына айналдырдық. Коммерциялық спорт ұйымы мен кәсіпқой бокс клубын құрдық. Семейде дүркіреген жарыстар өткіздік. Осылайша, біраз шаруа тындырдық. Кейіннен Алматыға келдім. 1992 жылы Серік Қонақбаевтың бастамасымен республикалық Кәсіпқой бокс федерациясының тұсауы кесілді. Сол ұйымда мен біраз жыл вице-президент болдым. «Найзағай» деп аталатын акционерлік қоғам құрдық. Бірер жыл Қазақстан ұлттық құрамасының мемлекеттік жаттықтырушысы болдым, кәсіпқой және әуесқой бокста лауазымды қызметтер атқардым. Дүниежүзілік бокс сериясында сынға түскен «Астана арландары» клубын басқардым. Қазіргі кезде отандық кәсіпқой бокстың дамуына өзіндік үлес қосып жатқан жайым бар.

Жазып алған: Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі. Өзінің ұлтын сыйламаған ұлтын мақтаныш тұта да алмайды. Ұлттық мақтаныш – сол ұлттың адамы үшін қасиетті әрі бұзылмас заң.

* * *

Су сұйық болғанымен, тас жарады.
Жел құз жартасты, құмға айналдырады.
От жұмсақ болғанымен, қатты ағашты күл етеді.
Байқап отырсақ, жұмсақ нәрсенің бәрі ең соңында келіп, қаттыдан әлдеқайда құдіретті, әрі күшті болып шығады.

* * *

Мақтан сүйгіштікке қарсы қолданылатын бірден-бір құрал – қара қылды қақ жарар әділдік, ерлікті өте сезімталдықпен айыра біліп, тауып, көре білушілік.

* * *

Билік те қауіпті. Егер билік ақылды адамның қолына берілген болса – онда ақылды басшыға, ал егер ақымаққа берілген болса – онда есерсоққа айналады.

martebe.kz

Құттықтаймыз!



Панфилов ауданы, Аққұдық ауылының тұрғыны «Ш.Байбатшаев атындағы орта мектеп» КММ-нің ұлағатты ұстазы, ардақты әже, мейірбан ана – ***Молдабекова Роза Торғайқызы*** мерейлі 60 жасқа толып отыр.

Өмірін ұстаздықпен ұштастырған жанның өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі мен абыройлы ісі өлшеусіз. Ұстаздық жолда аянбай тер төгіп келетін аяулы жанды мерейлі белесімен құттықтай отырып, деніне саулық тілейміз.

Әрқашан шәкірттеріңіздің алғысына бөленіп, аман есен жүргейсіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Ұстазсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды ауыл-аймақ қалайда.

Туған күнде нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі ниетпен Ш.Байбатшаев атындағы мектеп ұжымы.

ҒИБРАТ

ЖАНЫНА ДА ЖОМАРТ

Сол заманда тағы бір жомарт патша болыпты. Атымтайдың даңқының ел арасына тарағанына қызғанштан оның іші күйеді. «Қалай бұл менен асып кетеді? Егер оның көзі жойылса, менің атым шықпағанда кімдікі шығады?», – деген ой жанын жегідей жейді. Ақыры Атымтайды құртудың жолын іздестіріп, сол елдегі баукеспе ұры, қанішер біреуді шақырып алып, жомартты өлтіру үшін тапсырма береді.

– Пәлен деген қалаға жақын ауылда, – дейді патша, – Атымтай жомарт деген адам бар. Соны өлтіріп, тапсырманы орындағандығыңның дәлелі ретінде басын кесіп маған әкелесің. Тіршілікте қалағаныңның бәрі орындалады. Алтын, күмісті керегіңше аласың!

Әлгі қанішер ханмен уағдаласып, аттанып кетеді. Бірнеше күн жол жүріп шаршап-шалдығып, іздеген ауылының шетіне кештете ілігеді. Отын шауып әкеле жатқан адамға жолығып, сәлемдескен соң:

– Күн болса кешкіріп қалды, – дейді ол. – Мен болсам алыстан келе жатқан жолаушы едім, бұл ауылда баратын танысым да жоқ.

– Олай болса біздің үйге жүр, асықпай жатып әбден тынығып, дем ал, – деп жаңағы отын әкеле жатқан адам үйіне ертіп келіпті.

Қонағы өте риза болып үш күндей тынығып, жақсы дем алады.

Отынын базарға сатып келген үй иесіне таңданып: «Бұл не деген ғажап адам, – деп ойлайды. – Тұрмысы жақсы, байлығы жетеді, сүйте тұрып әуреленіп отын шауып, оны базарға сатып, несіне бейнеттенеді екен?

Бірде қонағы сөздің реті келгенде:

– Байқаймын, тіршілігіңіз жаман емес сияқты. Барлығы да жеткілікті, таршылық көретін жеріңіз жоқ. Несіне отын шауып, сатып бейнеттенесіз. Жатпайсыз ба дем алып? – деп үй иесіне қарапты.

– Еңбекпен тауып ішкен асқа не жетсін?! – депті үй иесі қонағының сұрағына жауап беріп. – Отын дайындап, оны сатып адал еңбек, маңдай термен табылған қаржымен күнелтемін. Ал үйдегі жинаған қазына-мүлік, шаруашылығымды жетім-жесір, кемкетік, шаршап-шалдыққан адамдардың мұқтажын өтеуге, келімді-кетімді қонақтарымды риза етіп атқаруға жұмсаймын. Егер қалағаның болса айт, қолыңнан қақпаймын, саған да берем!

Үй иесінің сый-құрметіне риза болған қонағы «Шаруамды бұл кісіден жасырмайын» деп ойлайды.

– Рақмет сізге, – депті ол. – Еш нәрсе де алмаймын. Келген шаруам пәленше деген патшамыз: «Осы маңда Атымтай жомарт деген бар, соны өлтіріп, басын кесіп алсаң керегіңше қазынадан алтын, күміс аласың», – деген еді. Сол жомартты тауып маған көрсетсеңіз болғаны, патшаның берген сыйының жартысын сізге беремін.

– Маған еш нәрсенің керегі жоқ, оны тауып беру оңай, – деген жауапты естігенде қанішер әкесі базардан келгендей қуанып, екі езуі екі құлағына жетіпті.

– Бәрібір, табысымның жартысы сіздікі, – деп дегбірі қалмапты.

Енді Атымтайды іздеп жолға шығуға асықтырып, орнынан тұрған кезде үй иесі сабырмен:

– Сенің іздеп келген Атымтай жомартың менмін. Құлдығыңа әзірмін, патшаңды риза ет те сыйлығыңды ал, – деп қонағына басын тосады.

Сасып қалған қонағы шошынып:


– Қойыңыз, бұл неткеніңіз… Япырмай, қандай мәрт адам едіңіз… Айып менде, – деп кешірім сұрап, еліне қайтып кетеді. Оралысымен патша алдына келіп болған жайды бастан-аяқ баяндайды. Сонда жомарт патша отырып:

– Бұл не деген ғажап жан! Адам мал мен мүлікке, дүниеге жомарт болушы еді. Атымтай өз жанына да жомарт, сірә, мұнымен таласуға болмас, – депті.

ulagat.com сайтынан алынды.

ФОТОЭТЮД

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ







Суреттерді түсірген: А. СМАҒҰЛ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекті редактор: А. СМАҒҰЛ.

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 80
Индекс 15534